

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**ТАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ӨНДЕЛЕТІН
АУМАҚТАРЫНДА ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ
ИМАРАТТАРДЫ ЖОБАЛАУ, ҚҰРЫЛЫСЫН САЛУ
ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ**

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ, СТРОИТЕЛЬСТВО И
ЭКСПЛУАТАЦИИ ГИДРОТЕХНИЧЕСКИХ
СООРУЖЕНИЙ НА ПОДРАБАТЫВАЕМЫХ
ГОРНЫМИ РАБОТАМИ ТЕРРИТОРИЯХ**

**ҚР ЕЖ 3.04-108-2014
СП РК 3.04-108-2014**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства и жилищно–коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами Министерство
национальной экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, ҚазКСЖДИ ҚарМТУ
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА, КазМИРР при РГП на ПХВ КарГТУ
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан «29» декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	IV
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	1
3 АТАУЛАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	2
4 ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙЛАР	2
5 ИНЖЕНЕРЛІК-ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ГИДРОГЕОЛОГИЯЛЫҚ ІЗДЕСТІРУЛЕР	3
6 ЖЕР БЕТІ ДЕФОРМАЦИЯСЫН ЖӘНЕ СУӨТКІЗГІШТІК ЖАРЫЛУЛАРДЫҢ ТАРАЛУЫН БОЛЖАУ	3
7 ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҒИМАРАТТАРДЫ ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	5
8 ЖЕР БЕТІ ДЕФОРМАЦИЯСЫНЫҢ ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҒИМАРАТТАР ҚҰРЫЛЫМДАРЫНА ӘСЕРІНІҢ ТӨМЕНДЕУІ.....	6
9 ЖЕРАСТЫ ӨНДІРУЛЕРІ ӘСЕР ЕТЕТІН АЙМАҚ ШЕКАРАЛАРЫН ЖӘНЕ ЖЫЛЖУ ҮРДСІНІҢ ҰЗАҚТЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУ	8
10 ӨНДІРЕЛТІН АЙМАҚТАРДАҒЫ ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҒИМАРАТТАР ҮШІН ЖЕР БЕТІ ДЕФОРМАЦИЯЛАРЫНЫҢ ЕСЕПТІК, РҰҚСАТ ЕТІЛЕТІН ЖӘНЕ ШЕКТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ	22
А қосымшасы (міндетті) Өндірілетін аймақтарда гидроғимараттарды есептеу кезінде топырақтардың реологиялық қасиеттерін ескеру	26
Б қосымшасы (міндетті) Су қоймалары мен су ағыстарын толықтыру кезінде тау-кен қазбаларындағы сутартқыштарды болжау. Өндірілетін аймақтарда құрылатын су қоймала- ры мен арықтардан судың жоғалуын бағалау	31
КІТАПНАМА	39

КІРІСПЕ

Осы ережелер жинағын өндеу барысында қолданыстағы құрылыстық нормаларының, мемлекеттік және мемлекеттер аралық стандарттардың талаптары, ведомствалық нормативтік талаптары мен тау-кен жұмыстарымен өндірілген және бұрын өндірілген аймақтарда тұрғызылатын гидротехникалық ғимараттарды жобалау, тұрғызу және пайдалануға беру саласындағы ғылыми-зерттеулік және жобалық институттарының жұмыс тәжірибесі ескерілген.

Осы ережелер жинағы, құрылыс нормаларының ҚР ҚН 3.04-08-2014 «Тау-кен жұмыстары өндірілетін аймақтардағы гидротехникалық ғимараттардың жобалануы, құрылысы және пайдаланылуы» қызметтік сипаттамаларына қойылатын талаптарының, тек бір орындау тәсілі болып, олардың қолайлы шешімдері мен өлшемдерін белгілейді.

Осы ережелер жинағы бақылаушы өнеркәсіптердің және қадағалаушы органдардың жұмысшыларына, жобалық және енгізуші ұйымдардың сарапшыларына арналған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ӨНДЕЛЕТІН АУМАҚТАРЫНДА
ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ИМАРАТТАРДЫ ЖОБАЛАУ, ҚҰРЫЛЫСЫН САЛУ
ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ, СТРОИТЕЛЬСТВО И ЭКСПЛУАТАЦИИ
ГИДРОТЕХНИЧЕСКИХ СООРУЖЕНИЙ НА ПОДРАБАТЫВАЕМЫХ ГОРНЫМИ
РАБОТАМИ ТЕРРИТОРИЯХ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы ережелер жинағы тау-кен жұмыстары өндірілетін немесе бұрын өндірілген аймақтарда тұрғызылған кеңейтіліп және қалпына келтіріліп жатқан гидротехникалық ғимараттарды жобалауға тұрғызуға және қайта салуға арналған нормативтік талаптарды егер жерастын өндеу кезінде жер бетінде пайда болған деформациялардың шамасы мен сипатын болжау мүмкін болған жағдайда орнатады.

1.2 Осы ережелердің негізгі жағдайлары мен қолайлы техникалық шешімдері өндірілетін аймақтарда калий кен орындары бар болған жағдайда, ауданының сейсмикалығы 7 және одан да жоғары балл болатын гидротехникалық ғимараттар үшін таратылмайды.

1.3 Тасты жұмыстармен өндірілетін аймақтарда тұрғызылатын гидротехникалық ғимараттардың қатарына жатады: бөгеттер, тоғандар, суағытқыштар, су қоймалар, қалдық- және ілме қоймалар және ағыс суларды жинағыштар, арықтар, туннельдер және ондағы ғимараттар, тұрмыстық-ішерлік сумен қамтамассыз ететін жүйелер, мелиоративті жүйелер.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Ұсынылған ережелер жинағын қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР ҚН 3.04-08-2014 Тау жұмыстарының өнделетін аумақтарында гидротехникалық имараттарды жобалау, құрылысын салу және пайдалануға беру.

ҚР ҚН 1.02-18-2007 Құрылыстағы инженерлік геологиялық іздестірулер.

ҚР ҚНЖЕ 3.04-03-2008 Бетонды және темірбетонды тоғандар.

ҚР ҚНЖЕ 3.04-40-2006 Гидротехникалық имараттарға түсетін жүктемелер мен әсерлер (толқындық, мұздық және кемедең).

ҚР ЕЖ 3.04-108-2014

ҚР ЕЖ 2.03-101-2012 Аймақтарда және отырмалы топырақтарда орналасқан ғимараттар мен имараттар.

ҚР ЕЖ 3.04-109-2014 Гидротехникалық өзен көлік имараттары.

Ескерту – Ұсынылған ережелер жинағын қолдануда, сілтеме жасалған құжаттарды жыл сайын жаңартылып отыратын «Қазақстан Республикасы шекарасында қызмет атқаратын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық тізім», «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша нормативтік құжаттарға сілтеу», «Қазақстан Республикасының мемлекет аралық нормативтік құжаттарға сілтеу» құжаттары бойынша тексерген жөн. Егер сілтеме құжаты ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда ұсынылған құрылыс нормасын қолданғанда ауыстырылған (өзгертілген) құжатты қолданған жөн. Егер сілтеме құжаты ауыстырылмай алынып тасталса, онда оған сілтеме берілген ереженің бөлігі ғана қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы ережелер жинағында ҚР ҚН 3.04-08 терминдер мен анықтамалары қолданылады.

4 ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙЛАР

4.1 Тау-кен жұмыстарымен өндірілген гидротехникалық ғимараттардың жобалануы, құрылысы және пайдаланылуы кезінде ҚР ҚН 3.04-08 талаптарын ескеру қажет.

4.2 Өндірілетін кеңістікте бүтіндерсіз өңдеу жүйесі кезінде 20 – ға бөлінетін қуат қыртысында (бірақ 25 м кем емес) 80 м дейін тереңдікте орналасқан, бұрын тазалау қазбалары жүргізілген алаңдарды ҚР ЕЖ 2.03-101 сәйкес IV топқа жатқызады. Егер бұл алаңдар басқа қыртыстармен өндірілетін болса, онда күтілетін (мүмкіндік) қыртыс өндірісі жобаланатын деформацияларға бұрын өндірілген аймақтардағы жыныстар жылжуларының белсенділігі негізінде туатын деформациялар қосылады.

4.3 Диаметрі 1 м аспайтын жер бетіне шығыңқы жатқан жойылған тік қазбалар үстіндегі аймақтарды және оларды айнала 20 м радиуста жер бетіне шығыңқы жолы бар аймақтарды құрылыс алаңынан алып тастау қажет, және де ол жерлерге арыңды гидротехникалық ғимараттарын орналастыруға болмайды.

4.4 Көлденең және бойлық дайындық қазбалар, сонымен қатар бойлық шахта діндері $10 h_e$ (h_e – қазбаның толық биіктігі) тереңдікте орналасқан алаңдар үстіндегі гидротехникалық ғимараттардың құрылысын жүргізу, қалған кеуектерді мұқият іздеп тауып, жою жағдайында ғана рұқсат етіледі.

Су қоймаларын салу және орналастыру жағдайларын алып тастаған қауіпті алаңдар, қазбалар проекциясы мен ені 20 м болатын бермалардан тұрады.

$10 h_e$ тереңдіктен 80 м тереңдікке дейін өткен дайындық қазбаларының үстінде суланған жұмсақ цементтелген жыныстар табылған жағдайда, гидротехникалық ғимараттарды жобалау, топырақты тау-кен қазбаларына әкелу салдарынан жер бетінде ойыстардың пайда болуы мүмкін емес екенін дәлелдейтін арнайы ұйым жасаған қорытындысы негізінде жүргізіледі.

Ескерту – Технологиялық бұзылулар көрінген алаңдар (синклиналды қатпарлар сызығы) астын тандағанда, бұзылған жерлер (қатпарлар сызығы) жоспарда белгіленген, екі жағынан да ағызғыш белгіленген, ені 60 м дейін қосындылары бар алаңдар тандалады.

5 ИНЖЕНЕРЛІК-ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ГИДРОГЕОЛОГИЯЛЫҚ ІЗДЕСТІРУЛЕР

5.1 Құрылыс алаңының инженерлік-геологиялық және гидрогеологиялық ізденістері ҚР ҚН 1.02-18 сәйкес жүргізіледі.

5.2 Өндірілетін аймақтарда салынатын гидроғимараттар негіз топырақтарындағы реологиялық үрдістерді ескеру кезінде, А Қосымшасына сәйкес қабылданатын, топырақтардың ұзақ деформациялануы сипаттамалары қолданылады.

5.3 Негіз топырақтары үшін сүзілу коэффициентін, шекті градиентін, сүзілудің шекті жылдамдығын, өндіру салдарынан топырақ қасиеттерінің өзгеру мүмкіндігін ескеру арқылы, гидротехникалық ғимараттар негіздерін жобалау бойынша қолданыстағы нормативтік техникалық құжаттарға сәйкес анықтау қажет.

6 ЖЕР БЕТІ ДЕФОРМАЦИЯСЫН ЖӘНЕ СУӨТКІЗГІШТІК ЖАРЫЛУЛАРДЫҢ ТАРАЛУЫН БОЛЖАУ

6.1 Жер бетінің жылжуын және деформациялануын болжап көрсететін шамаларға, келесі шамалар жатады:

- шөгу h , мм;
- еңістер i , мм/м;
- қиғаштану R , 1/м (қиғаштану радиусы R , км);
- көлденең жылжулар ξ , мм;
- созылу және сығылу көлденең деформациялары ε , мм/м;
- жарылулардың ашылу шамалары және еңіс биіктіктері h_y , см;
- жылжу үрдісінің жалпы ұзақтылығы, қауіпті деформациялар кезеңі, сонымен қатар су өткізгіштік жарылулардың, түсулердің және ірі жарылулардың орналасу шекаралары.

Гидротехникалық ғимараттарды жобалауға арналған бастапқы мәліметтері ретінде қыртыстар мен көкжиектерді өңдеу әртүрлі кезеңдерінде алынған жер бетінің күтілетін жылжулары мен деформацияларының ең үлкен шамалары қабылданады.

6.2 Егер $\varepsilon < 1$ мм/м, $R > 20$ км, $h_y < 10$ мм, $i < 3$ мм/м мәндерінде өндірілетін аймақтарда орналастырылатын гидротехникалық ғимараттарды жобалау барысында арнайы қорғау шараларын қарастырмау рұқсат етіледі, тек бұл жағдай су өткізгіш өзі ағатын арықтарға тиесілі емес.

6.3 Жер бетіндегі түсулер мен ірі жарылулардың пайда болу мүмкіндік жағдайлары, сонымен қатар олардың шекаралары [1], [2] талаптарына сәйкес және осы ережелер жинағының 6.5–6.9 тармақтарында қарастырылған талаптарға сәйкес орнатылады.

6.4 Құлау бұрыштары $\alpha < 45^\circ$ болатын қыртыстарды өндеу кезінде, өндірілетін кеңістікте кентіректерді қалдырмай, жер бетінде опырылған жерлер (шұңқырлар) ереже бойынша 12 м кем емес жерлерде пайда болады, мұнда m – қыртыстан алынатын қуаттылық.

Мүмкін болатын шұңқырлар мен ірі жарылулар аймақтардың шекаралары ретінде бұл жағдайда, жоспарда тазаланған қазбалар нұсқасынан 15 м қашықтықта жатқан нұсқалар қабылданады. Егер тау-кен қазбаларының төменгі шекарасы 12 м асатын тереңдікте орналасатын болса, онда қыртыстың құлау жағынан тазалау қазбаларының нұсқасы қыртыстың изогипсінен қабылданады, сәйкес келетін тереңдігі 12 м.

6.5 Өндірілетін кеңістікте кентіректерді қалдыру арқылы өндеу жүйесі кезінде (қысқа тіректер, камералар), сонымен қатар, егер бұрын қазбалардан өткен өндіру жүйесі белгісіз болған жағдайда немесе құлама жағынан қазба шекарасы дұрыс емес болғанда, онда құлама жағынан мүмкін болатын құлаулар мен ірі жарылулар аймағының шекарасы ретінде 20 м тереңдіктегі қыртыстың изогипстер көлденең проекциясы алынады, ал m 4 м кіші болғанда–80 м тереңдікте алынады.

Тазартқыш қазбаларының шекараларында, егер олардың арасындағы кентіректер еңі $0,1H$ аспаса, мұнда H – жер бетінен кентірек жабынына дейінгі тік бойынша арақашықтық дайындық шекаралары да қосылады.

6.6 Құлау бұрышы $\alpha > 45^\circ$ болатын қыртыстарды өндеу кезінде, жер бетінде құлаулар ереже бойынша егер үйінділер астындағы қыртыстар шығуына қалдырылған кентіректердің тік биіктігі «Көмір кен орындарындағы жерасты тау-кен жұмыстары зиянды әсерінен ғимараттарды және табиғи нысандарды қорғау ережелері» бойынша анықталған h_y шамасынан аз болса пайда болады, ал қарастырылатын бассейн (кен орындары) үшін мұндай мәндер болмаған жағдайда, h_y мәні қыртыстарының қуаттылығына байланысты 1-кесте бойынша қабылдайды.

Қуатты қыртыстарды өндірілген кеңістіктерді салмай қабаттармен өндеу кезінде h_y мәні қыртыстар қуаттылығының қосындысы бойынша анықталынады.

1-кесте – Кентіректердің тік биіктігін анықтау

Қыртыс қуаттылығы, м	2 және одан аз	3	4	5	6	7 және одан көп
h_y	60	75	85	90	95	100

6.7 Барлық көмір бассейндеріндегі құлау бұрышы $\alpha > 45$ болатын қыртыстарды өндеу кезінде жер бетінде мүмкін болатын құлаулар аймағының шекарасын жоспарда қабылдау керек:

а) қыртыстың жайылу бағыты бойынша – оның шекарасынан қашықтықта жатқан тазартқыш қазбалары шекараларынан тыс жүргізілген сызықтар, келесі формула бойынша анықталынады:

$$l_{np} = h \cdot ctg\varphi, \text{ бірақ, кемінде } 15 \text{ м} \quad (1)$$

мұнда h – үйінділердің қуаттылығы, мм;

φ – үйінділердің жылжу бұрышы, [1], [2] сәйкес анықталады;

б) жатыс бүйірі жағынан – жайылу сияқты анықталынатын үйінді астында арақашықтықта орналасқан топырақтар арқылы өтетін сызықтар;

в) ілме бүйірі жағынан – үйінді астында арақашықтықта орналасқан қыртыс жабындары арқылы өтетін сызықтар, келесі формула бойынша анықталынады:

$$l_B = (H_B + d_B) \cdot ctg\alpha + h \cdot (ctg\varphi - ctg\alpha), \text{ бірақ } 20 \text{ м кем емес} \quad (2)$$

мұнда H_B – жер бетінен қазбаның жоғары шекарасына дейінгі тік бойынша арақашықтық;
 d_B – Кесте 2 бойынша анықталынатын шама.

Құлаулар шекарасына, ілме бүйірі жағынан еңі 30 м тең, ал жатыс бүйірі және жайылу жағынан 20 м тең ірі жарылулар шекарасы түйіседі.

6.8 Сулы нысандар астындағы, [1], [2] талаптарына сәйкес анықталынатын қыртыстар үшін, өндірулердің шынайы тереңдігі өндірудің қауіпсіз тереңдігінен аз болатын аймақтарда, су өткізгіш жарылулардың шекарасы жер бетіне дейін таралады.

2-кесте

Қыртыс қуаттылығы, м	2 және одан аз	3	4	5	6	7	8 және одан көп
d_B	10	12	14	16	18	20	22

6.9 Жайылу бойынша су өткізгіш аймақтар шекарасы ретінде жоспарда тазартқыш қазба контурынан $H_{пп}ctg\delta''$ арақашықтықта жоғарлауы бойынша $H_Bctg\gamma''$ арақашықтықта және төмендеуі бойынша $H_Hctg\beta''$ арақашықтықта жатқан ішкі контур таңдалады, мұнда $H_{пп}$ – қазбалар шекарасында жайылуы бойынша оны бойлай жүретін сәйкес нүктелерде жатқан қыртыстың жату тереңдігі; H_B және H_H – қазбалар шекарасында жоғарлау және төмендеу бүйірлеріне сәйкес жүргізілген қыртыстың жату тереңдіктері; δ'' , γ'' , β'' – жарылу бұрыштары.

Жарылулар бұрыш шамалары [1], [2] талаптарына сәйкес анықталынады. Жарылулардың бұрыштары жөнінде мәліметтер болмаған жағдайда, байырғы жыныстардың жылжу бұрыштарын 10° көп етіп, бірақ 90° асырмай қабылдау қажет.

7 ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҒИМАРАТТАРДЫ ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

7.1 Өндірілетін аймақтарда топырақ материалдарынан орнатылатын тоғандарды, тау-кен қорғаныс шараларын қолданбай тұрғызу, жер бетіндегі күтілетін көлденең

ҚР ЕЖ 3.04-108-2014

деформациялары кезінде созылу шамалары 3 мм/м аспаса және ойықтардың биіктігі 100 мм аспаса рұқсат етіледі.

7.2 Өндірілетін негіз деформациясының әсері кезінде гидротехникалық ғимараттарда, олардың құрылымдары мен негіздерінде бірінші топтың шекті күйлерін бағалау келесі шартының орындалуымен жүргізілуі тиіс:

$$0.9N_p \leq P \frac{m_k}{K_n} \quad (3)$$

мұнда N_p – ішкі әсердің қосынды есептік мәні;

P – материал бойынша беріктік коэффициенті K_m ескеру бойынша анықталынатын ғимараттың немесе оның құрылымы мен негізінің көтеру қабілетінің есептік мәні;

m_k – жұмыс жағдайының коэффициенті;

K_n – күрделілігі бойынша беріктілік коэффициенті.

K_m және K_n коэффициенттерінің мәндері ҚР ЕЖ 3.04-109 талаптарына сәйкес анықталынады.

7.3 Гидротехникалық ғимараттар құрылымдарын топырақ сілемінің тік және көлденең орын ауыстыруларына әсерін есептеу барысында, негізді тұрақты немесе ауыспалы қаттылық коэффициенттерімен сипатталатын сызықтық немесе сызықтық емес деформацияланатын етіп қабылдау керек.

Ғимараттың іргетастары және жерасты бөліктерімен байланыстағы негіздің деформациялық қасиеттері, тау-кен қазбалары әсерімен негізделген әсерлердің сипатына байланысты, ҚР ЕЖ 2.03-101 талаптарына сәйкес анықталынатын, сығылу кезінде (K_y немесе K_{ydl}) және жылжу кезінде (K_x немесе K_{xdl}) қаттылық коэффициенттерімен сипатталады.

7.4 Тау-кен жұмыстарымен өндірілген аймақтардағы гидротехникалық ғимараттарға түсетін жүктемелер мен әсерлер тек осы ұсынылған ережелер жинағында келтірілген шамалардан басқасы ҚР ҚНЖЕ 3.04-40 сәйкес анықталынады.

7.5 Әркелкі тік және көлденең деформациялар әсерінен туындаған гидротехникалық ғимараттарға түсетін қосымша жүктемелерді негіз топырақтарының реологиялық қасиеттерін ескеру арқылы А Қосымшасына сәйкес анықтауға рұқсат етеледі.

8 ЖЕР БЕТІ ДЕФОРМАЦИЯСЫНЫҢ ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҒИМАРАТТАР ҚҰРЫЛЫМДАРЫНА ӘСЕРІНІҢ ТӨМЕНДЕУІ

8.1 Бетонды құрылымдарды жобалау барысында, өндіру жұмыстарында пайда болатын әркелкі көлденең жылжуларды өтеуге қажетті жекеленген секциялар арасындағы жапсарлардың енін a , келесі формула бойынша анықтауға болады:

$$a \geq n_e m_e \varepsilon L_0 + \Theta H \quad (4)$$

мұнда L_0 – іргелес секциялар орталық сызықтары арасындағы арақашықтық;

H – ғимараттың биіктігі;

ε – өңдеу жұмыстары салдарынан туатын салыстырмалы созылу деформациялары;

Θ – секциялардың есептік жантаюы, келесі формула бойынша анықталынады:

$$\Theta = n_{\kappa} m_{\kappa} \frac{L_0}{R} \text{ немесе} \quad (5)$$

$$\Theta \geq n_h \frac{h_y}{L} \quad (6)$$

мұнда L – ғимарат секциясының ұзындығы;

h_y – ойыс биіктігі;

R – қисайған жердің радиусы;

n_{ε} , n_h , n_{κ} , – жүктеме бойынша беріктік коэффициенттері;

m_{ε} , m_{κ} – ҚР ЕЖ 2.03-101 келтірілген талаптарға сәйкес қабылданатын жұмыс жағдайының коэффициенттері.

8.2 Бетонды және темірбетонды тоғандардың деформациялық жапсарларын нығыздауды ҚР ҚНЖЕ 3.04-109 талаптарына сәйкес орындау қажет. Бұл жағдайда жапсардың ені a (4) формуласы бойынша анықталынады.

8.3 Бетонды немесе темірбетонды галереялар салынған суағызғыштарын жобалау барысында, жекеленген секциялар арасындағы жапсар ені a_r келесі шарт негізінде белгілеу керек:

$$a_r \geq \left(n_i m_i \varepsilon + \frac{D_{\phi}}{n_{\kappa} m_{\kappa} R} \right) L_0 \quad (7)$$

мұнда ε , R – жылжу деформацияларының өлшемдері;

D_{ϕ} – ернемек арқылы жалғасқан галереясының диаметрі;

L_0 – іргелес секциялардың орталық сызықтары арасындағы арақашықтық;

n_i , n_{κ} , m_i , m_{κ} – жүктеме және жұмыс жағдайларының беріктік коэффициенттері, 8.1-бөлім талаптарына сәйкес анықталынады.

8.4 Өндірілетін аймақтар алаңдары арқылы өтетін су өткізгіш арықтары мен су жинағыш өзі ағатын сызықтарды жобалау барысында, олардың еңістерін i_{κ} өндіру жұмыстары кезінде пайда болатын жылжу деформацияларының әсерінен рельефтің өзгеруін ескеру арқылы келесі формула бойынша анықтау керек:

$$i_{\kappa} = i_{расч} + n_i m_i i_{сдв} \quad (8)$$

мұнда $i_{расч}$ – өндіру жұмыстарысыз қалыпты жұмысты қамтамасыз ететін есептік еңіс;
 $i_{сов}$ – қарастырылатын алаңдағы өндіру жұмыстары салдарынан пайда болатын күтілетін көлбеу;
 n_i, m_i – жүктеме және жұмыс жағдайлары бойынша беріктік коэффициенттер.

9 ЖЕРАСТЫ ӨНДІРУЛЕРІ ӘСЕР ЕТЕТІН АЙМАҚ ШЕКАРАЛАРЫН ЖӘНЕ ЖЫЛЖУ ҮРДІСІНІҢ ҰЗАҚТЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУ

9.1 Көмір қыртыстарын өндеу, сілемде және жер бетінде жылжу шекараларының пайда болуымен байқалатын тау жыныстарының кернеулік жағдайының өзгеруіне және олардың жылжуына әкеліп соқтырады. Жекеленген тазартқыш қазбалары әсерінен пайда болған жер бетіндегі жылжу шекарасы жылжу ойысы деп аталады.

Жылжу ойысындағы жеке нүктелер қарастырылатын уақытта әртүрлі шамаларға жылжиды, нәтижесінде тік (көлбеулер, қисықтар, бұраулар) және көлденең (созылулар, сығылулар, жылжулар) деформациялар, сонымен қатар құлаулар және топталған деформациялар – тік жағынан жарылулар мен кемерлер, көлденең кеңістікте жылжулар пайда болады.

Тау жыныстары мен жер бетінің жылжуы мен деформациялары нысандарда бұзылулар, өндірілген кеңістік үстіндегі жыныстардың су және газ өткізгіштерінің ұлғаюын, беттік және топырақ суларының гидрогеологиялық режимінің бұзылуын, жылжымалық үрдістердің белсенділігін туғызуы мүмкін.

Жерасты өндірулері әсер ететін аймақтардың өлшемдері, деформациялардың шамалары мен деформациялары, деформациялардың ұлғаю жылдамдығы және тау жыныстары мен жер бетінің жылжу үрдісінің ұзақтылығы келесі негізгі факторларға байланысты:

- а) өндірілетін қыртыстардың қуаттылығына, құлау бұрышы мен тереңдігіне;
- б) тазартқыш қазбалардың өлшемдеріне, бір немесе кен қабаттарындағы қыртыс тазартқыш қазбаларының өту тізбектілігіне;
- в) тау жыныстары сілемдерінің құрылымдық ерекшеліктеріне (сыятын жыныстардың құрылысы, айырмалы және пликативті бұзылулардың болуы, жыныстардың жатысының және физикалық механикалық қасиеттерінің өзгеруі);
- г) тау-кен қысымын басқару әдісіне;
- д) забойдың жылжу жылдамдығы және қиғаш жайылу жұмыстарының жылдамдығына.

9.2 Бақылаулар мәліметтері бойынша жерасты өндірулерді әсер ететін аймақтардың шекараларын анықтау кезінде, қада белгілер арасындағы арақашықтық 15-20 м болғанда, жер беті деформацияларының келесі мәндері қабылданады: көлбеулер $i = 0,5 \cdot 10^{-3}$, созылулар $\varepsilon = 0,5 \cdot 10^{-3}$.

Жерасты өндірулері әсер ететін аймақтардың шекаралары шекаралық бұрыштар бойынша анықталынады. Шекаралық бұрыштар дегеніміз жер бетінде тазартқыш шекарасын жерасты өндірулері әсер ететін аймақ шекарасымен байланыстыратын көлденең сызықтармен және байырғы жыныстар, мезозойлы шөгінділер мен үйінділер

арқылы өтетін сызықтардың жылжу ойыстарының басты қималары бойынша, тік кесулерде пайда болатын, қазылған кеңістіктерге сәйкес сыртқы бұрыштарды айтамыз (Сурет 1).


Келесі шекаралық бұрыштар белгілі:

а) үйінділерде (өндіретін қыртыстар сыймайтын төрттік және үштік көлденең жатқан жыныстар) φ_0 , олар барлық бағыттарда бірдей болып қабылданады және үйінділердің қуаттылығы 5 м астам болғанда ескеріледі;

б) палеозойлық жастағы кен орындарындағы мезозойлы шөгінділерде - δ_{0M} ; β_{0M} ; γ_{0M} ;

в) байырғы жыныстарда, оларға көмір қыртыстарында өндірілетін сол жастағы жыныстар жатады - δ_0 , β_0 , γ_0 , β_{01} ; δ_0 және δ_{0M} бұрыштары арқылы жерасты өндірулері әсер ететін аймақтардың шекаралары қыртыстардың жайылуы бойынша анықталынады; β_0 ; β_{0M} ; γ_0 және γ_{0M} бұрыштарымен – құлау және тұру бүйірлік жақтары бойынша қыртыстың қиғаш жайылуы; β_{01} бұрышымен құлау бұрышы α шекті мәндерден α_{II} көп болған жағдайда қыртыстың жатыс бүйіріндегі аймақ шекарасы анықталынады.

Дара қыртыстар мен кен қабаттарын қазу кезінде шекаралық бұрыштар ажыратылады. Өртүрлі қыртыстарда қазбалар шекараларының орналасуына байланысты қыртыс кен орындарын қазу кезінде, шекаралық бұрыштардың бір қыртыстағы жеке қазбалар әсерінен мәндері не кіші, не үлкен болуы мүмкін.



а - α_{II} дейін қыртыстың құлау бұрышы кезіндегі қиғаш жайылу; б - қыртыстың жайылуы бойынша; в - α_{II} үлкен қыртыстың құлау бұрышы кезіндегі қиғаш жайылу; 1 - үйінділер; 2 - мезозойлік шөгінділер; 3 - байырғы жыныстар; A_1 - тазартқыш қазбасының әсер ету аймағы; A_2 - қауіпті әсер ету аймағы; A_3 - жарылулар аймағы; A_4 - түсулер аймағы

1-сурет – Тік қималардағы жеке тазартқыш қазбаларының әсер ету аймағы

9.3 Жерасты өндірулері әсер ететін аймақтар шегінде қауіпті әсер ететін аймақты белгілейді. Қауіпті әсер ететін аймақтың шекарасын анықтау үшін келесі жер бетінің деформациялық мәндері қабылданған: көлбеу $i = 4 \cdot 10^{-3}$; қиғаштану $K = 0,2 \cdot 10^{-3}$ 1/м; созылу $\varepsilon = 2 \cdot 10^{-3}$ (орташа аралықта 15-20 м).

Қауіпті әсер ететін аймақтың шекарасы жылжу бұрыштарымен анықталынады. Жылжу бұрыштар дегеніміз жер беті қауіпті аймағын жерасты өндірулері әсер ететін аймақ шекарасымен байланыстыратын көлденең сызықтармен және байырғы жыныстар, мезозойлы шөгінділер мен үйінділер арқылы өтетін сызықтардың жылжу ойыстарының басты қималары бойынша тік кесулерде пайда болатын қазылған кеңістіктерге сәйкес сыртқы бұрыштарды айтамыз.

Жылжу бұрыштары ажыратылады (1-сурет қар.):

а) үйінділерде - φ (үйінділердің қуаттылығы 5 м және одан астам болғанда барлық бағыттарда бірдей болып қабылданады, аз қуаттылық кезінде жылжу ойыстары жайылу жыныстарындағыдай болып қабылданады);

б) мезозойлы шөгінділерде- $\delta_M, \beta_M, \gamma_M$;

в) байырғы жыныстарда - $\delta, \beta, \gamma, \beta_1$.

Кен қабаттарын қазу кезінде жылжу бұрыш мәндерін анықтау үшін – қыртыс кен қабаттары келесі топтарға бөлінеді (2-сурет):

а) сақтандырғыш кентіректерді тау-кен қазбаларымен сұлбалау кезінде және құлау бұрышы 25° дейін қыртыс кен қабаттарын өндеу кезінде (2-сурет, а, б) топтарға, жоғарғы және төменгі қыртыстар арасындағы қалыпты қыртыс бойынша арақашықтық Δh жер бетінен топтағы жоғарғы қыртыс кентірек шекарасына дейінгі арақашықтықтан кіші болғанда, қыртыс кен қабаттары біріктіріледі ($\Delta h < H_B$ – қазбалардың жоғары шекараларында, $\Delta h < H_H$ - төменгі шекараларында, Сурет 2, а, б қара);

б) құлау бұрышы $\alpha > 25^\circ$ болатын қыртыс кен қабаттарын өндеу кезінде, төменгі қазбалар шекараларындағы жоғары және төменгі қыртыстар арасындағы көлденең бойынша арақашықтық көкжиектің тереңдігінен аз болса, қыртыс топтарына біріктіріледі ($\Delta h_H < H_{HH}$, Сурет 2, в). Қазбалардың жоғарғы шекаралары жағынан, жоғарғы және төменгі қыртыстар арасындағы арақашықтық қазбалардың жоғарғы шекаралары тереңдігінен аз болғанда, қыртыстарды топтарға біріктіреді ($\Delta h_B < H_{BH}$, Сурет 2, в).


Тау-кен қазбаларымен сақтандырғыш кентіректерін сұлбалау кезінде екінші үшінші және ары қарай өнделетін қыртыстардың бірінші тобы бойынша бұрыштар арқылы анықталынады $\delta + \Delta\delta$ (жайылуы бойынша), $\beta + \Delta\beta$; $\gamma + \Delta\gamma$ (қиғаш жайылу қимасында).

Құлау бұрышы 25° дейін қыртыс кен қабаттарын өндеу барысында (Сурет 2, б қара), қатпарланумен әртүрлі қыртыстардағы қазбалар шекараларының проекциясы арасындағы арақашықтық (9) шартын қанағаттандыратын жағдайда байырғы жыныстардағы жылжу бұрыштарының мәндері әр қыртыс тобындағы бұрыштар (жайылу бойынша) және 2, б-суреттегі схемаға сәйкес бұрыштары (қиғаш жайылу қимасында) бойынша анықталынады.

$$\Delta l_B \leq 0,3H_B, \quad (9)$$

$$\Delta l_n \leq 0,3H_n,$$

мұнда H_B және H_H – жоғарғы қыртыстағы қазбалардың жоғарғы және төменгі шекараларының тереңдіктері.




a – сақтандырғыш кентіректерді сұлбалау кезіндегі қиғаш жайылу; *б* – жазық қыртыстарды өндеу кезіндегі қиғаш жайылу; *в* – қыртыстарды өндеу бәсеңдеуінің тәртібі кезінде қиғаш жайылу; *г* - солай, көтерілуі кезінде; 1-1 – бірінші қыртыстан; 2-2 – екінші қыртыстан; 3-3 – үшінші қыртыстан

2-сурет – Қыртыс кен қабаттарын өндеу кезіндегі тік қималардағы қазбалардың қауіпті әсер ету аймағы

Кентіректерді құру кезіндегі H_B (H_{Br}) және H_H (H_{Hr}) тереңдіктері жер бетінен қыртыстың жоғарғы жылжу бұрыштары арқылы өтетін жазықтықтармен қиылысқан нүктелерге дейінгі арақашықтық ретінде анықталады (2-сурет, *a* қар.).

Қауіпті әсер ету аймағын анықтау барысында H_B (H_{Br}) және H_H (H_{Hr}) шамаларын қазбалардың шекараларынан жер бетіне дейінгі тік арақашықтық бойынша анықтайды (2-сурет, *б*, *в*, *г* қар.).

Құлау бұрышы $\alpha > 25^0$ болатын қыртыстар кен қабаттарын өндеу кезінде, көлбеу бойынша қыртыстар арасындағы қуаттылық келесі шарттарды қанағаттандырса: қауіпті әсер ету аймақ шекаралары, өндірудің бәсеңдеуі тәртібінде қыртыстардағы екінші, үшінші және арғы қарай кезектегі өндірулер $\beta - \Delta\beta$; $\gamma + \Delta\gamma$ бұрыштары бойынша (қиғаш жайылу қимасында, 2-сурет, *в* қара), ал өндірудің жоғарлауы тәртібінде - сәйкес $\beta + \Delta\beta$; $\gamma - \Delta\gamma$ бұрыштары бойынша (2-сурет, *г* қара) анықталынады.



1 - үйінділер; 2 – байырғы жыныстар; S1 және S2 – қатпарлану бойынша 1 және 2 қыртыстар қазбаларына сәйкес, жыныстардың жылжуынан пайда болған қауіпті әсер ету аймақтары; AB – қауіпті әсер ету аймағы

3-сурет – Қатпарлануы (а) бойынша жыныстардың жылжуы және жыныстардың жату тұрақсыздығы (б) кезіндегі қауіпті әсер ету аймағын анықтауға арналған схема

9.4 Жыныстардың жылжу аймағындағы қауіпті деформациялар, γ және φ бұрыштары арқылы анықталынатын қауіпті әсер ету аймағынан тыс жатқан қатпарлану байланыстары бойынша (S_1 және S_2 аймақтары, 3-сурет, а), қыртыстардың құлау бұрышы кезінде, әлсіз байланысқан жыныстардың үлкен үйкеліс бұрышы ($\alpha > \rho^1$) негізінде пайда болуы мүмкін. Қатпарлану байланыстары бойынша жыныстардың жылжуын ескеру, құралдармен бақыланған кен орындарында жүзеге асырылады.

Жылжу бұрыштарының мәндері γ өндірілетін қыртыс (қазбалар) саны мен осы қыртыстардағы қазбалар шекараларының өзара орналасуына байланысты болып келеді.

9.5 Жыныстардың тұрақсыз жатысы кезінде, қиғаш жайылу қимасында жайылған жыныстар және құлаулар бойынша, жерасты өндірулері әсер ететін қауіпті аймақ шекараларын, топырақ қабаттарындағы құлау бұрышының өзгеруін ескеріп анықтайды (3-сурет, б).

Қиғаш жайылу қимасында құлама жағынан қауіпті әсер ету аймағы шекарасын анықтау үшін қазбаның төменгі шекарасында қыртыстың құлау бұрышын анықтайды және осы мән бойынша жыныстың құлау бұрышы арқылы β бұрышының мәні табылады. Осы бұрыш астынан қимада байланыстағы үйінділерге (мезозойлық жыныстарға) дейін сызық жүргізіледі; егер осы сызық қиылысқан нүктелерінде байырғы жыныстар жатса, онда жыныс қабаттарының құлау бұрышы қазбаның төменгі шекарасындағы қыртыстың

құлау бұрышынан қатты өзгешеленбейді, тек 10° ғана айрықшаланады, қабылданған β бұрышының мәнін қауіпті жылжулар аймағы шекарасын анықтау үшін қолданады; кері жағдайларда келесі түрде болады:

- қиғаш жайылу қимасында қыртыстың құлау бұрышы α анықталынады, қазбаның төменгі шекарасы және ол бойынша жылжу бұрышының мәні β табылады;
- табылған жылжу бұрышының β астынан қазба шекарасынан жыныс қабат қалыңдығына дейін қиылысатын сызық жүргізеді, оның құлау бұрышы α_1 қиылысу нүктесінде α бұрышы мәнінен 10° айрықшаланады;
- құлау бұрышы α_1 бойынша I нүктеден жаңа бұрыш β_1 мәні табылады, және осы бұрыш астынан келесі қабатпен қиылысқанша сызық жүргізеді, оның құлау бұрышы α_{II} ¹¹ қиылысатын II нүктеде құлау бұрышынан α_1 10° айрықшаланады;
- құлау бұрышы бойынша α_{II} жылжу бұрышының жаңа мәні β_{II} табылады; соларға орай басқа топырақ қабаттарының мезозойлы шөгінділері немесе үйінділері бар байырғы жыныстармен байланысына дейін әсер ету аймақ шекарасы анықталынады (III нүкте, 3-сурет, б қара).


Жылжу бұрыштары δ және γ , сонымен қатар үйінділер мен мезозойлық шөгінділердегі жылжу бұрыштары қыртыстардың тұрақты жатысы кезінде сияқты қабылданады.

Көрсетілген әдіс бойынша қауіпті жылжулардың аймағын құру, қыртыстардың құлау бұрышы қарастырылатын салады белгісін ауыстырмаған жағдайда рұқсат етіледі.

9.6 Синклиналды қатпарларда жатқан қыртыстарды өңдеу кезінде, қауіпті әсер ету аймағының шекарасы, егер әсер ету аймағына қатпардың сызықтық беті түспеген жағдайда 9.5 Бөліміне сәйкес анықталынады. Егер әсер ету аймағына қатпардың сызықтық беті түскен жағдайда, қиғаш жайылған тік қималардағы қауіпті әсер ету аймағы шекараларын келесі түрде анықтайды:

- жыныстардың құлау бұрышы $\alpha < 30^\circ$ кезінде, жылжу бұрышының астынан қазбаның жоғарғы шекарасына дейін жүргізілген сызығының ұлғаюы жағынан (4-сурет, а) γ - байырғы жыныстарда, және φ - үйінділерде, жыныстардың жылжу аймағы, қатпарлануы бойынша 9.4 Бөліміне сәйкес анықталынады;
- құлау жағынан - β бұрышының астынан жүргізілген сызық қатпардың бетімен қиылысқанша және арғы қарай - γ бұрышы астынан (бірінші қазбадан, лава 1, 4-сурет, а) үйінділермен байланысқанша және φ бұрышы астынан – үйінділерге дейін сызық жүргізіледі. β бұрышының мәнін қазбаның төменгі шекарасында қыртыстың құлау бұрышы бойынша анықтайды;
- екінші қазбадан әсер ету аймағының шекарасы (лава 2) қарама-қарсы қанатта (4-сурет, а) байырғы жыныстарда β бұрышы астынан жүргізілетін сызық қатпардың беттік сызығымен қиылысқанға дейін және арғы қарай γ - 5°

бұрышының астынан үйінділермен байланысқанша, және φ бұрышы астынан үйінділерге дейін жүргізіледі.



$a, б, в$ – қатпарлардың канаттары әртүрлі жақта қыртыстардың құлауы кезінде; $г$ – қыртыстардың канатта бір жаққа құлауы кезінде; a – құлау бұрышы 30° дейін; $г, б$ – құлау бұрышы 30° тан α_n дейін; $1-1'$ - бірінші өндірулер кезіндегі қауіпті әсер ету аймағы; $2-2'$ - солай, екінші өндірулерде

4-сурет – Синклиналды қатпарларда қыртыстардың жатысы кезінде қауіпті әсер ету аймағы шекарасын анықтауға арналған схемалар


Қатпар қанатында қыртыстардың құлау бұрышы $30^\circ < \alpha < \alpha_n$ кезінде, ұлғаю жағынан қауіпті әсер ету аймағының шекарасы байырғы жыныстардағы γ бұрышымен және үйінділердегі φ бұрышымен анықталынады; жыныстардың жылжу аймағы қатпарлану байланысы бойынша 9.4 тармағына сәйкес анықталынады; құлау жағынан қауіпті әсер ету аймағының шекарасы β бұрышы астында қатпар бетімен қиылысқанша жүргізілген сызық арқылы анықталынады (нүктелер А - лава 1 және А' - лава 2, 4-сурет, б) және арғы қарай жыныстардың үйінділермен байланысу сызығы бойынша (АВ, А'В', 4-сурет, б) және φ бұрыш арқылы – үйінділерде жүргізіледі.

Қатпар канаттарында қыртыстардың құлау бұрышы $\alpha > \alpha_n$ кезінде (Сурет 4, в) ұлғаю жағынан қауіпті әсер ету аймағы шекарасы байырғы жыныстарда β_1 бұрышымен және үйінділерде φ бұрышымен анықталынады.

Құлау жағынан қауіпті әсер ету аймағы шекарасы β бұрышы астынан жүргізілген сызық қатпар бетімен қиылысқан нүктеге дейін және арғы қарай байырғы жыныстарда β_1 бұрышының астымен және де үйінділерде φ бұрышының астымен жүргізілен сызықтар арқылы анықталынады.

Жыныстардың қанаттарда бір жаққа құлау бұрыштары кезінде (4-сурет, з) құлау жағынан қауіпті әсер ету аймағы β_1 бұрышы бойынша беттік сызықпен қиылысуы арқылы, β_{II} бұрышы байырғы жыныстармен және үйінділермен байланысқанша дейін табылады (β_1 - өндірілетін жыныстардың құлау бұрышы бойынша анықталынатын бұрыш, ал β_{II} бұрышы – қатпар қанатына қарама-қарсы құлау бұрышы арқылы анықталынады).

9.7 Антиклинал қатпарда жатқан қыртысты өндеу кезінде, егер әсер ету аймағына қатпардың бекітпесі түспесе (5-сурет, лава 2), онда қауіпті әсер ету аймағы шекарасын байырғы жыныстарда β - қазбалардың төменгі шекараларында, γ - жоғарғы шекараларында және φ - үйінділерде, 9.5 тармағына сәйкес (аймақ 2–2', Сурет 5) сәйкес бұрыштар арқылы анықтайды. Егер қатпардың құламалы құлайтын қанатта құлау бұрышы $\alpha < \alpha_n$ болатын (5-сурет, лава 1) қыртыс өндірілсе, онда ілмелі бүйірлі жыныстары жағынан қауіпті әсер ету аймағына шекарасы байырғы жыныстарда β бұрыш және үйінділерде φ бұрышы арқылы, 9.5 тармағына сәйкес анықталынады.




1-1' - қатпар құлама қанатында қыртысты өндірудің қауіпті әсер ету аймағы; 2-2' - қатпар жазық қанатында қыртысты өндірудің қауіпті әсер ету аймағы; 3 - қатпардың сызықтық беті; I - үйінділер; II - байырғы жыныстар

5-сурет – Антиклиналды қатпарларда қыртыстардың жатысы кезінде қауіпті әсер ету аймағы шекарасын анықтауға арналған схема

Жатысы бүйірлік жағынан жағынан қауіпті әсер ету аймағы шекарасы β бұрышы (жыныстардың орташа құлау бұрышы бойынша анықталынады) астынан жүргізілген сызық қатпар бетімен қиылысқан нүктеге дейін және ары қарай байырғы жыныстарда β_1 бұрышының астымен және де үйінділерде φ бұрышының астымен жүргізілен сызықтар арқылы анықталынады (5-сурет, аймақ 1–1').

9.8 Тектоникалық бұзылулары бар аймақтарды өндіру кезінде, қауіпті әсер ету аймағы шекараларын келесі түрде анықтайды:

- қыртыс жатыстары бұрышы $\alpha < 25^\circ$ болғанда, басты жылжу ойыс қималарында араластырғыш бұзылулар байырғы жыныстарда жылжу бұрыштарына сәйкес жүргізілген құлау сызықтарына 80° көп емес бұрышта құласа (Сурет 6, а), қауіпті әсер ету аймағы шекарасы ретінде, үйінді астындағы езілген жыныстардың төменгі байланыс аймағының проекциясы қабылданады, егер араластырғыш беті жылжу және шекаралық бұрыштар арқылы анықталынған нүктелер арасындағы алаңға шығып тұрған жағдайда (6-сурет, а, Б нүктесі); егер бұзылулар қауіпті жылжулар аймағына шығып тұрған жағдайларда, онда қауіпті әсер ету аймағы шекарасы ретінде жылжу бұрыштары бойынша қабылданған аймақтар алынады (Сурет 6, а, А нүктесі);
- тазартқыш жұмыстарының бұзылуларға жақындаған кезінде, ұлғаю жағынан орналасқан қазбадан $0,1H$ және одан аз арақашықтықта жатса (H – қыртыс топырағы мен араластырғыштың қиылысу нүктесінің жер бетіне дейінгі тік арақашықтығы (Сурет 6, б), араластырғыштың шығу аймағында тектоникалық бұзылулар көрінсе $A'B'$, байланыстық қатпарлану бойынша жыныстардың жылжуы жағдайында, араластырғыштың құлау бұрышы $\Delta > 30^\circ$ астам болғанда қауіпті аймақ шекаралары пайда болады. Байланыстық қатпарлану бойынша жыныстардың жылжуы болмаған жағдайда, қауіпті әсер ету аймағы $A'B'$ араластырғыш бұзылуының құлау бұрышы $\Delta \geq 50^\circ$ болғанда пайда болады, құлау жағынан қауіпті әсер ету аймағының шекарасы байырғы жыныстарда β және үйінділерде φ жылжу бұрыштарымен анықталынады.




1 - үйінділер; 2 - байырғы жыныстар; $A'B'$ және $A-B$ - қауіпті әсер ету аймағы

6-сурет – Қабаттың тектоникалық бұзылуы кезінде қауіпті әсер ету аймағын анықтауға арналған схема

Тектоникалық бұзылулардың тау-кен қазбаларымен өндірілуі кезінде, араластырғыштардың құлау бұрыштары $\Delta = 40...90^\circ$, қыртыстарда ұлғаю жағынан құлау бұрыштары $\alpha_n > \alpha > 30^\circ$ болғанда, араластырғыш пен қыртыс арасындағы бұрыш $\nu = 30...80^\circ$ құрса, және ұлғаю бойынша жартылай ойыста қатынастары - $b/a \geq 0,5$ (6-сурет, в) болғанда, қатпарлану байланысы бойынша жыныстардың жылжуы пайда болады, ал ұлғаю жағынан қауіпті әсер ету аймағы топырақтың бетке шығуымен анықталынады (немесе үйінді астындағы қыртыс топырағының шығу проекциясы арқылы, 6-сурет, в, Б нүктесі); бұл жағдайларда құлау жағынан қауіпті әсер ету аймағының шекарасы байырғы жыныстарда $\beta + \Delta\beta$ бұрыштары арқылы және үйінділерде φ - бұрышымен анықталынады, мұнда β бұрыштарының мәні ұсынылатын 7-бөлім ұсыныстарына сәйкес анықталынады, ал $\Delta\beta$ бұрышының мәні – арнайы ұйымның қорытындысы бойынша табылады.

Қыртыстың құлау бұрышы $\alpha_n > \alpha > 30^\circ$ кезінде, егер араластырғыштың құлау бұрышы қыртыстың құлау бұрышынан аз болғанда, бірақ араластырғышты өндіру бұрышынан 30° кем емес болғанда, не өндірілу шекарасынан араластырғыш бетіне дейінгі арақашықтық $0,1H$ тең, не одан аз болғанда (Сурет 6, з, лава 1); сонымен қатар араластырғыштың өндірілуі кезінде (Сурет 6, з, лава 2) жер астында жатқан жыныстардың қауіпті әсер ету аймағының шекарасы, езілген жыныстардың төменгі байланыс шығысында 30 м тереңдікте немесе үйінділер астындағы байланысқан жыныстардың проекциясында орналасады.

9.9 Әсер ететін немесе бұрын өткен карьерлер аймағында орналасқан жерасты тау-кен қазбаларымен қыртыстарды өндіруі кезінде, қауіпті әсер ету аймағы шекарасының қыртыс құлау бұрыштары жыныстардың үйкеліс бұрышынан аз болғанда, әлсіз байланысқан жаныстар арқылы өтуі $\alpha < \rho'$ және де қауіпті әсер ету аймағына бүйірдің мүмкін құлау призмасы енетін болса (7-сурет), жерасты тау-кен қазбаларымен өндірілетін қауіпті әсер ету аймағы шекарасы келесі түрде анықталынады:



I'-I - қауіпті әсер ету аймағы, H_k - карьер тереңдігі

7-сурет – Ашық және жерасты әдістері арқылы кен орындарын бірігіп өндіру кезіндегі қауіпті әсер ету аймағын анықтауға арналған схема

а) егер жылжу бұрыштары астындағы жазықтықтардың жер бетімен қиылысу нүктелері (үйінділермен байланысы кезінде), көлденең бойынша карьердің үлкен

тереңдігінде H_K (Сурет 7, 1 нүктесі) орналасатын болса, онда қауіпті әсер ету аймағы шекарасы ретінде сол нүкте алынады;

б) егер көрсетілген нүкте H_K тең немесе одан кіші арақашықтықта карьердің жоғарғы жиегінде орналасса, онда қауіпті әсер ету аймағының шекарасы ретінде карьер жиегінің жоғарғы жағындағы H_K арақашықтығында жатқан нүкте алынады (7-суретті қар., 1' нүктесі);


в) қыртыстардың құлау бұрышы $\alpha \geq \rho'$ (ρ' - қабаттардың әлсіз байланыстағы жыныстары бойынша үйкеліс бұрышы) кезінде, қауіпті әсер ету аймағының шекарасы арнайы ұйым қорытындысы арқылы анықталынады.

Бұрын өндірілген қазбалар әсер ету аймағында карьерлерді тұрғызу кезінде жыныстардың физикалық механикалық қасиеттерінің мүмкін болатын өзгерістерін ескеру қажет.

9.10 Жерасты тау-кен қазбаларымен көшкін баурайларын өндіру кезінде, жерасты тау-кен жұмыстары көшкіндік үрдістермен белсендіріледі.

Егер жерасты тау-кен жұмыстары құлау жағынан көшкін баурайларын өндіретін жағдайда, ал жерасты қазбалары әсер ету аймағының шекаралары жоғарлау жағында көшкін баурайы шегінде орналасса, онда жоғарлау жағынан қауіпті әсер ету аймағы шекарасы ретінде көшкіннің жылжу жазығына шыққан нүкте қабылданады (8-сурет, а, 1' нүктесі).

Егер жерасты тау-кен жұмыстары жоғарлау жағынан көшкін баурайларын өндіретін жағдайда, ал жерасты қазбалары әсер ету аймағының шекаралары жоғарлау жағында көшкін баурайынан тыс орналасса, онда жоғарлау жағынан қауіпті әсер ету аймағы шекарасы көшкіннің әсер етуіне тәуелсіз анықталынады (8-сурет, а – 1 нүктесі, б - 1' нүктесі).



1 – 1' - қауіпті әсер ету аймағы

Сурет 8 – Көшкін баурайлары астындағы тау-кен жұмыстары арқылы жүргізіетін қауіпті әсер ету аймағын анықтау схемасы

Көшкін тіреуіш призмасын өндіру кезінде (Сурет 8, а) қауіпті әсер ету аймағының шекарасы жоғарлау жағынан көшкін денесінің төменгі байланыс бетіне шығу арқылы анықталынады (8-сурет, а, 1' нүктесі).

Қиын жағдайларда пішіні қиын көшкін денелерін өңдеу кезінде, жерасты тау-кен қазбаларының қауіпті әсер ету аймағының шекарасын анықтау арнайы ұйымдарды тарту арқылы жүзеге асырылады.

9.11 Жер бетіндегі қауіпті әсер ету аймағының шекарасы шегінде жарылулар аймағы пайда болуы мүмкін, ал 9.12 және 9.13 тармақтарында көрсетілген өндірулер жағдайында құлаулар (шұңқырлар) аймағы пайда болады. Жарылулар аймағы шекаралары айырылу бұрыштары δ'' , β'' , β_1'' , γ'' арқылы анықталынады.

Айырулар бұрыштары дегеніміз тік қималарда басты жылжу ойыстары кескіндерінде көлденең сызықтар бойынша және өндіру шекарасын жақын жатқан жарылулар жылжу ойыстары шекарасымен байланыстыратын сызықтардан пайда болған, өндірілген кеңістіктегі сыртқы бұрыштарды айтамыз. Айырылу бұрыштарының шамалары осы ережелерге сәйкес анықталынады, ал олардың мәндері болмаған жағдайда, жекеленген кен орындарында, олардың мәндерін байырғы жыныстардың жылжу бұрыштарына сәйкес 10° қа асырып, бірақ 90° асырай қабылдайды.

Құлау бұрышы $\alpha \geq 35^\circ$ қыртыс кен қабаттарын өңдеу кезінде құлау бойынша жартылай ойықтарда әлсіз қатпарлар үйінділер астында айырылу бұрыштары арқылы анықталынатын, аймақтың шегінде шығыңқылар пайда болуы мүмкін.

9.12 Жер бетіндегі түсулер қолданыстағы және бұрын өндірілген дайындалған және тазаланған қазбаларда пайда болуы мүмкін. Түсулер жатыс жыныстарының құлауы, көмір кентіректерінің бұзылуы, жыныстардың түсуі, құмдардың шығарылуы және т.б. әсерлер кезіндегі шахтаны пайдалануға беру мерзімінде де, соған орай сілемде қалған қуыстардың әсерінен бекіткіштер мен жыныстардың уақыт өте көтеру қабілетінің жоғалуы салдарынан шахтаны пайдаланудан кейін де пайда болуы мүмкін.

Әлсіз суланған жыныстар қабаттың тектоникалық бұзылуы, құлау бойынша құлаған жыныстардың қайта құлауы кезінде тау-кен геологиялық жағдайы қиын аймақтарда құлаулар аймақтарын анықтау арнайы ұйым қорытындысы бойынша орындалады.

9.13 Тазартқыш қазбалар үстіндегі құламалар, қыртыстарды құлау бұрышы $\alpha \leq 35^\circ$ болғанда өндіргенде, $H_B \geq 20m$ (при $m \leq 3$ м) жағдайында пайда болмайды, мұнда H_B - қазбаның жоғарғы шекарасының тереңдігі; m – қыртыстың шығарылатын қуаттылығы.

Бұрын алынған қыртыстардың өндірілу жүйесі белгісіз жағдайларда немесе қазылған кеңістікте кентіректерді қалдыру жүйелері қолданған жағдайларда (қысқа бағандар, камералар, сонымен бірге доғалық қабаттарда тез бұзылатын, суға қанығатын жыныстар болған кезде), құламалардың пайда болу мүмкіндігін бағалау арнайы ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Ұлғаю жағынан тазартқыш қазбалары үстіндегі құламалар аймағы шекарасы ретінде жоспарда тазартқыш қазбалар аймағы контурынан 15 м қалатын контурды қабылдайды. Құлау және жайылу жағынан тазартқыш қазбалары үстіндегі құламалар аймағы шекарасы ретінде қыртыс изогипстерінің жер бетіне түскен проекциясы алынады, оның белгісі қыртыстарды өңдеу кезінде кентіректерді қалдырмай 20m (бірақ 25 м кем емес) құрайды.

Құлаулар аймағына үлкен жарылулар аймағы түйіседі, оның ені 10 м тең етіп қабылданады.

9.14 Құлау бұрышы $\alpha > 35^\circ$ болатын қыртыстарды өңдеу кезінде, егер үйінділер астындағы қыртыстардың шығуына қалдырылған кентіректердің тік биіктігі h_u шекті мәндерін көп болса, жер бетінде құлаулар пайда болмайды.

Егер қыртыстардың шығуына қалдырылған кентіректер өлшемдері Кесте 3 көрсетілген мәндерден аз болса, онда жер бетіндегі құлаулар қарастырылатын қыртыста тау-кен өндіріулерімен тереңдетілу $H < H_1$ кезінде пайда болуы мүмкін. H_1 мәнін қыртыстан шығатын қуаттылыққа m байланысты анықтайды.

Жер бетінде құлаулар мүмкін болатын аймақтар шекаралары ретінде, құлау бұрышы 35 асатын қыртыстарды өңдеу кезінде, жоспарда келесі контурды қабылдайды:

- жайылуы бойынша – бірінші өндірулер кезінде $l_{II} = h$ жоспарда өндіру аймағы шекарасынан тазартқыш өндірулер аймағы проекциясына параллель жүргізілген сызық, бірақ 15 м кем емес, қайталау өндірулер кезінде $l_{II} = 0,1H_H + h$, бірақ 15 м кем емес, мұнда H_H - қазбалар төменгі аймағының тереңдігі, h – үйінділер қуаттылығы; егер $H_H > h_u$ болса, $H_H = h_u$ деп қабылданады;
- жатыс бүйірлі жыныстарда (ұлғаю жағынан) $l_n = h$ арақашықтықта жүргізілген сызық, үйінділер астындағы қыртыс топырағының шығу бетінен (жер бетіне) 15 м кем емес;
- ілмелі бүйірлі жағынан - линию, проведенную на расстоянии $l_B = h_u \operatorname{ctg} \alpha + h \geq 20$ м арақашықтықта жүргізілген сызық, бірақ үйінділер астындағы қыртыс жабындысының шығу бетінен $3m$ кем емес.

Құлаулар аймағына ілме бүйірі жағынан еңі 30 м тең, ал жатыс бүйірі және жайылу жағынан 20 м тең ірі жарылулар шекарасы түйіседі.

9.15 Жерасты тау-кен қазбалары әсер ететін аймақтағы жер бетіндегі жылжу үрдісі әртекті шамада жүреді және де жалпы ұзақтылық пен қауіпті деформациялар кезеңімен сипатталады.

Жылжу үрдісінің жалпы ұзақтылығы дегенде өндірілетін кеңістік үстіндегі жер беті жылжу жағдайында болатын кезең екенін түсіну керек.

Жылжу үрдісінің жалпы ұзақтылығы (T , ай) жекеленген тазартқыш әсерінен, келесі түрде анықталынады:

- тазартқыш кенжардың жайылу бойынша жылжыту (Сурет 9, а, б)

$$T = k_T \cdot \frac{H}{C} (\operatorname{ctg} \delta_0 + \operatorname{ctg} \psi_3) \quad (11)$$

- тазартқыш кенжар құлама бойынша жылжыту (Сурет 9, б)

$$T = k_T \cdot \frac{H}{C} \left(\frac{\cos(\psi_1 + \alpha)}{\sin \psi_1} + \frac{\cos \beta_0}{\sin(\beta_0 + \alpha)} \right) \quad (12)$$

- тазартқыш кенжарды ұлғайту бойынша жылжыту (9-сурет, в, з)

$$T = k_T \cdot \frac{H}{C} \left(\frac{\cos \gamma_0}{\sin(\gamma_0 - \alpha)} + \frac{\cos(\psi_2 - \alpha)}{\sin \psi_2} \right) \quad (13)$$

мұнда $\delta_0, \beta_0, \gamma_0$ - шекаралық бұрыштар;

ψ_1, ψ_2, ψ_3 - толық қозғалыстар бұрыштары;


H – қарастырылатын нүкте астындағы қыртыстың жатыс тереңдігі;

α - қыртыстың құлау бұрышы.

k_T коэффициенті 3-кесте арқылы тазартқыш кенжарды жылжыту орташа жылдамдығына байланысты C және тау-кен жұмыстарының орташа тереңдігіне H байланысты анықталынады.

3-кесте – k_T коэффициентінің мәндері

тазартқыш кенжарды жылжыту орташа жылдамдық C , м/мес	Тау-кен жұмыстарының тереңдігі H , м		
	100 дейін	300 дейін	≥ 500
20	1,5	1,2	1,1
60	1,8	1,5	1,3
150 дейін	2,0	1,5	1,5



1–1' және 2–2' - тазартқыш кенжарды жайылу бойынша жылжыту (а) және бағаналарды құлауы не жоғарлауы бойынша жылжыту (б), 3–3' және 4–4' - тазартқыш кенжарды ұлғайту бойынша жылжыту (в) және бағаналарды жайылуы бойынша жылжыту (з)

9-сурет – Жылжу үрдісі жалпы ұзақтылығын анықтауға арналған схема

10 ӨНДІРЕЛЕТІН АЙМАҚТАРДАҒЫ ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҒИМАРАТТАР ҮШІН ЖЕР БЕТІ ДЕФОРМАЦИЯЛАРЫНЫҢ ЕСЕПТІК РҰҚСАТ ЕТІЛЕТІН ЖӘНЕ ШЕКТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

10.1 Осы бөлім ережелері өндіру жұмыстарын зиянды әсерінен қорғау құрылымдық шараларын ескермей салынатын гидротехникалық ғимараттар үшін таратылады.

10.2 Гидротехникалық ғимараттарды қорғау шараларын қолдану және өндіру жағдайлары, қарастырылатын нысандардың рұқсат етілетін және шекті деформацияларының көрсеткіштері, осы нысандар үшін құрылыс өкшесінде, есептік деформациялар көрсеткіштерін салыстыру арқылы орнатылады.

10.3 Гидротехникалық ғимараттар үшін рұқсат етілетін және шекті деформациялардың көрсеткіштерін, осы бөлімде көрсетілмеген, құрылымдық ерекшеліктері мен пайдалану жағдайлары бойынша жақын келтірілген көрсеткіштерге сайқабылдауға болады. Рұқсат етелетін және шекті көрсеткіштерді осы ережелерде келтірілген көрсеткіштерден өзгешеленетін түрінде қабылдауға болады, егер олар техникалық экономикалық немесе басқа да арнайы ұйымдар арқылы орындалған есептеулермен негізделсе.

10.4 Егер рұқсат етілетін және шекті деформациялар қарастырылатын гидротехникалық ғимараттар үшін бірнеше көрсеткіштермен сипатталса, онда өндіру жұмыстары кезінде қорғау шаралары барлық көрсеткіштер талаптарын қанағаттандыруы керек. Егер жер бетіндегі топталған деформациялар салдарынан, ойықтары бар жарылулар пайда болса, және де рұқсат етілетін немесе шекті деформациялар көрсеткіштері көрсетілмеген жағдайда, ғимаратты өндіруге болатыны қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес статикалық есептеулер негізінде орнатылады.

10.5 Гидротехникалық ғимараттар үшін деформациялардың есептік көрсеткіші Δl келесі формулалар бойынша анықталынады:

1. Жекеленген қазбамен қыртысты өңдеу кезінде:

а) жер бетінің ойықтарсыз деформациялануы кезінде

$$\Delta l = \sqrt{m_e^2 \varepsilon_1^2 + m_k^2 \frac{H^2}{R_1^2}} \quad (14)$$

б) жер бетінің жарылулар мен ойықтар арқылы деформациялануы кезінде

$$\Delta l = l m_e \varepsilon l + h_n \quad (15)$$

2. Бірнеше өндірулер кезінде – қыртыстардың бір немесе кен қабаттарын бірнеше өңдеу:

- жылжу үрдісі кезінде, уақыт бойынша өндірулер арасындағы айырымдар жылжу үрдісі жалпы ұзақтылығынан кіші немесе тең болғанда,

а) жер бетінің ойықтарсыз деформациялануы кезінде

$$\Delta l = l \sqrt{m_\varepsilon^2 \left[\sum_1^n \varepsilon_i \right]^2 + m_k^2 H^2 \left[\sum_1^n K_i \right]^2} \quad (16)$$

б) жер бетінің жарылулар мен ойықтар арқылы деформациялануы кезінде

$$\Delta l = l m_\varepsilon \sum_1^n \varepsilon_i + \sum_1^n h_{\gamma_i} \quad (17)$$

- жылжу үрдісі кезінде, уақыт бойынша өндірулер арасындағы айырымдар жылжу үрдісі жалпы ұзақтылығынан асып кеткен жағдайда,

$$\Delta l = \sqrt{\Delta l_1^2 + \Delta l_2^2 + K + \Delta l_n^2}, \quad (18)$$

мұнда l және H – ғимараттың биіктігі (бөлігі), мм, және оның іргетас табанынан карниз төбесіне дейінгі биіктігі, м;

$\varepsilon_1, R_1, h_{\gamma_i}$ – көлденең деформациялардың есептік шамалары (өлшемсіз), қиғаш радиусы, м;

$R = \frac{1}{K}$, K – бір қазбадан алынған жер бетінің қиғаштануы, 1/м, және ойығы, мм;

$\varepsilon_1, K_1, h_{\gamma_i}$, – көлденең деформациялардың есептік шамалары, i -ші қазбадан жекеленген жер бетінің қиғаштануы және ойығы;

n – қазбалардың саны;

$\Delta l_1, \Delta l_2, \Delta l_n$ – бірінші, екінші және n -ші қазбалар әсерінен пайда болған деформациялар көрсеткіштері, (14) және (15) формулалары бойынша анықталынады;

m_ε, m_k – үймеретке немесе ғимаратқа салыстырмалы көлденең деформациялардың ε және қисықтардың K әсерін ескеру кезіндегі жұмыс жағдайының коэффициенттері.

Жұмыс жағдайы коэффициенттері мәндері 4-кесте бойынша қабылданады.

4-кесте – Гидротехникалық ғимараттар мен байланыстар үшін жұмыс жағдайының коэффициенттері

Жер бетінің деформациясы	Белгіленуі	Үймереттің ғимараттың және байланыстардың ұзындығы, м		
		15 дейін	15-30	30 астам
Созылу немесе сығылу салыстырмалы көлденең деформациялары	m_ε	1,0	0,8	0,7
Дөңестік немесе ойыстық қисығы	m_k	1,0	0,7	0,5
Көлбеу	m_i	1,0	0,8	0,7

Ескертулер

1 Гидротехникалық ғимараттардың бойлық қимасын қарастыру кезінде l деп, оның енің қабылдау керек.

2 Жоспарда дөңгелек ғимарат үшін l деп, оның сыртқы диаметрін қабылдау керек.

3 Келтірілген жұмыс жағдайы коэффициенттерінің мәндері 500 м тереңдікке дейін тау-кен жұмыстарын орындау кезінде қолданылады, 500 м астам тереңдіктерде өндірулер жүргізілсе, барлық коэффициенттердің мәндерін бірге тең етіп қабылдау керек.

10.6 Қорғаныс шараларын, қолдану қажеттілігі, гидротехникалық имараттар үшін, жер бетіндегі, рұқсат етілетін және сәйкес нысандар үшін, шекті деформациялары көрсеткіштерімен, жер беті, деформацияларының, есептік көрсеткіштерін салыстыру негізінде, анықталынады.

Егер, қарастырылатын, гидротехникалық имараттардың, есептік көрсеткіш деформациялары, рұқсат етілетін, деформация көрсеткіштерінен, аз болса, нысандардың, өндірілуі, тау-кендік және құрылымдық, қорғаныс шараларысыз, жүзеге асырылады.

Егер деформациялардың, есептік көрсеткіштері, деформациялардың, шекті көрсеткіштерінен, көп болса, онда, жер беті, деформацияларын, шекті көрсеткіштерге дейін, азайтатын, тау-кен қорғаныс шараларын, сонымен қатар нысандардың, құрылымдық, қорғаныс шараларын да, қолданған жөн.

Егер деформациялардың, есептік көрсеткіштері, рұқсат етілетін, деформациялар мен шекті деформациялар, аралығында болса, онда, өндірулер кезінде, нысандарды, қорғау үшін, тау-кен қорғаныс шаралары да, құрылымдық шаралары да, бөлек немесе бірігіп, қолданылуы мүмкін.

10.7 Гидротехникалық имараттар үшін, жер бетіндегі, рұқсат етілетін және шекті деформациялар көрсеткіштері, 5-кесте бойынша анықталынады. Жер бетіндегі, деформациялар көрсеткіш шамаларын, 5-кестеде көрсетілген, шектеулерден, басқа, мұнаралы имараттарды, тоғандарды (дамбаларды) өндіру кезінде, жүйелілік бақылаулар ұйымдастырылады, бірінші жағдайда- жантаюынан, екінші жағдайда – су деңгейінің жағдайын, тоған жоталарына сәйкес және жарылулардың, пайда болуына қатысты, тоғандарды, қорғау бойынша, қажетті қорғаныс шараларын, уақытында орындау мақсатында, жарылуларды, жою бойынша, шаралар, қарастырылуы керек.

5-кесте – Гидротехникалық ғимараттар үшін жер бетінің рұқсат етелетін және шекті деформациялар көрсеткіштері

Нысан және оның ерекше белгісі	Деформациялар		
	Белгіленуі	Рұқсат етілетін	Шекті
1. Жерасты сұйық қоймалары мен тұндырғыштардың ұзындығы (диаметрі) <i>l</i> , м:			
1) темірбетонды	[ε]	$(70/l) \cdot 10^{-3}$	-
2) темірбетонды қабықпен тасты	[ε]	$(40/l) \cdot 10^{-3}$	-
2. Тазартқыш кәріз ғимараттарының тұндырғыштары:			
1) көлденең (жоспарда тікбұрышты, <i>n</i> - параллель түйіскен тұндырғыштардың саны)	[<i>i</i>] прод	$6 \cdot 10^{-3}$	-
	[<i>i</i>] попер	$(14/n) \cdot 10^{-3}$	-
2) радиалды	[<i>i</i>]	$1 \cdot 10^{-3}$	-
3) тігінен	[<i>i</i>]	$1,8 \cdot 10^{-3}$	-
3. Тоғандар және бөгеттер:			
1) тасты және бетонды	[ε]	-	$2,5 \cdot 10^{-3}$
	[<i>R</i>]	-	12 км

5-кесте – Гидротехникалық ғимараттар үшін жер бетінің рұқсат етелетін және шекті деформациялар көрсеткіштері (жалғасы)

Нысан және оның ерекше белгісі	Деформациялар		
	Белгіленуі	Рұқсат етілетін	Шекті
2) суағар құрылғысы бар топырақтық	$[\varepsilon]$	$6 \cdot 10^{-3}$	-
	$[h_y]$	8 см	-
3) солай, суағар құрылғысыз	$[\varepsilon]$	$4 \cdot 10^{-3}$	-
	$[h_y]$	8 см	-
4) солай, сазды және саздақ тізгіндер-биіктігі 6 м дейін	$[\varepsilon]$	$10 \cdot 10^{-3}$	-
	$[h_y]$	10 см	-

Ескерту – Кестеде жер беті деформацияларының рұқсат етілетін және шекті деформация көрсеткіштері ретінде негіздің дөңденуі ойықтануы және созылу сығылу көлденең деформациялары берілген. Тек Кесте 5 1.1, 1.2, 2.1 тармақтары ерекшеленеді.

А қосымшасы
(міндетті)

Өндірілетін аймақтарда гидроғимараттарды есептеу кезінде топырақтардың реологиялық қасиеттерін ескеру

А.1 Гидротехникалық ғимараттар құрылымдарын жер бетінің қиғаштану әсеріне есептеу кезінде, топырақтардың реологиялық қасиеттерін негізге түсетін жоғарғы қысым аймағында ұзақ әсер ететін қаттылық еселгін ескеру арқылы анықтауға болады, ол келесі формула бойынша анықталынады:

$$K_{ydl} = \frac{\omega_z E_{dl}}{(1 - \mu_0^2) \sqrt{F}} \quad (A.1)$$

мұнда ω_z – іргетас пішінінің коэффициенті, оның қабырғаларының қатынастарына байланысты А.1-кестесі бойынша қабылданады;

E_{dl} – топырақтың ұзақ деформация модулі, МПа (кг/см²), А.2-кестесі бойынша қабылданады;

μ_0 – топырақтың Пуассон коэффициенті, А.3-кестесі бойынша қабылданады;

F – іргетас табанының ауданы (10 м² аспаса лента пішінді іргетастар үшін, 100 м² болса тақталы іргетастар үшін).

А.1-кестесі

Қабырғалардың қатынасы	1:1	1:1,5	1:2	1:3	1:5	1:10
ω_z мәні	1,06	1,07	1,09	1,13	1,22	1,41

А.2-кестесі

Консистенция нормативтік көрсеткіштер шектері	Ұзақ деформация модулі E_{dl} , МПа (кг/см ²), кеуектілік коэффициенті e тең болғанда, төрттік шөгінді сазды топырақтар үшін									
	0,55		0,65		0,75		0,85		0,95	
	МПа	кг/см ²	МПа	кг/см ²	МПа	кг/см ²	МПа	кг/см ²	МПа	кг/см ²
$I_L < 0$	30	300	19,5	195	13	130	8,5	85	7	70
$0 \leq I_L < 0,25$	22	220	14	140	8,5	85	5,5	55	4,5	45
$0,25 \leq I_L < 0,5$	–	–	8,5	85	5	50	3,5	35	3	30

А.3-кестесі

Топырақтың түрі	Қатты саздар мен саздақтар	Жартылай қатты саздар мен саздақтар	Қатты иленгіш саздар мен саздақтар	Жұмсақ иленгіш саздар мен саздақтар
Мәні	0,15	0,25	0,35	0,4

Жүк түсіру аймағында негіздің қаттылық коэффициентін K_p (А.1) формуласы бойынша анықтауға рұқсат етіледі, онда ұзақ деформация модулінің орнына $E_{0.1}$ ҚР ЕЖ 5.01-27-2013 сәйкес анықталынатын топырақтың деформация модулі алынады.

А.2 Жер бетіндегі көлденең деформациялардың құрылымдарға әсер етуін (іргетастың табаны бойынша топырақтардың жылжуы) есептеу кезінде, топырақтардың реологиялық қасиеттері келесі жайттарды ескеру қажет:

- өшетін жылжығыштық кезеңінде ($\tau > \tau_{lim}$) жылжу кезінде негіздің ұзақ қаттылық коэффициенті көмегімен, ол келесі формула бойынша анықталынады:

$$K_{x0.1} = 0.7K_{y0.1} \quad (A.2)$$

- орныққан жылжығыштық кезеңінде ($\tau > \tau_{lim}$) топырақ бойынша шекті жылжымалықты ескеру жолымен, ол келесі формула бойынша анықталынады:

$$\Delta_{np} = 0.1B\gamma_{np} \quad (A.3)$$


мұнда B –қабырғаның ұзындығымен топырақтың жылжуы кезінде іргетас табанының үш есе үлкейген ені немесе лентаға көлденең топырақтың жылжуы кезіндегі іргетас табанының ені;

γ_{np} – топырақтың салыстырмалы шекті жылжу шамасы, Кесте А.4 бойынша анықталынады.

А.4-кестесі

Консистенция нормативтік көрсеткіштер шектері	Кеуектілік коэффициенті e тең болғанда, төрттік шөгінді сазды топырақтардың салыстырмалы шекті жылжуы γ_{np}				
	0,55	0,65	0,75	0,85	0,95
$I_L < 0$	0,049	0,117	0,164	0,190	0,175
$0 \leq I_L < 0,25$	0,096	0,162	0,210	0,240	0,252
$0,25 \leq I_L < 0,5$	-	0,197	0,249	0,285	0,303

А.3. Іргетас табаны бойынша жанама жүктеме эпюрасы үш (немесе одан аз) тік сызықты аймақтардан тұрады: OA , AB , BC (А.1-суретті қар.).



А.1-сурет – Жанама кернеулер эпюрасы

A нүктесінің абсиссасы келесі формуламен анықталынады:

$$x_{lim} = \frac{\tau_{lim}}{K_{x\partial z} (m_\varepsilon n_\varepsilon \varepsilon - \varepsilon_k)} \quad (A.4)$$

мұнда τ_{lim} – жылжу кезіндегі жылжымалық шегі, МПа ($\text{кг}/\text{см}^2$), келесі формула бойынша анықталынады

$$\tau_{lim} = \sigma \cdot \text{tg} \varphi_w + c_w \quad (A.5)$$

мұнда σ – топыраққа түсетін орташа қалыпты қысым, МПа ($\text{кг}/\text{см}^2$);

φ_w – W ылғалдылық кезіндегі ішкі үйкеліс бұрышы (град), А.5-кесте бойынша анықталынады;

c_c – құрылымдық ілініс күші МПа ($\text{кг}/\text{см}^2$), келесі формула арқылы анықталынады:

$$c_c = c_w - \sum W \quad (A.6)$$

c_w – W ылғалдылық кезіндегі ілініс күші, А.5 кесте бойынша анықталынады;

\sum_w – байланыстырғыш ілініс күші А.6 кесте бойынша қабылданады;

ε_k – құрылымдардың меншік (сызықтық) деформациясы, оны созылу аймағында – 1 мм/м, сығылу аймағында – нөлге тең етіп қабылдауға рұқсат етіледі.

А.5-кестесі

Консистенция нормативтік көрсеткіштер шектері	Кеуектілік коэффициенті e тең болғанда, төрттік шөгінді сазды топырақтардың жалпы ілініс күші c_w , кПа (кг/см ²), және ішкі үйкеліс бұрышы φ_w , град,									
	0,55		0,65		0,75		0,85		0,95	
	кПа	кг/см ²	кПа	кг/см ²	кПа	кг/см ²	кПа	кг/см ²	кПа	кг/см ²
$I_L < 0$	70	0,7	57	0,57	47	0,47	40	0,4	36	0,36
	29°		27°		26°		25°		24°	
$0 \leq I_L < 0,25$	53	0,53	43	0,43	35	0,35	29	0,29	25	0,25
	25°		23°		22°		21°		20°	
$0,25 \leq I_L < 0,5$	–	–	36	0,36	28	0,28	22	0,22	18	0,18
	–		21°		20°		18°		17°	

B нүктесінің абсциссасы $x_{пред}$ мен ординатасы $\tau_{пред}$ (шекті жанама кернеу) келесі формулалар бойынша анықталынады:

$$x_{пред} = \frac{\Delta_{пред}}{m_\varepsilon n_\varepsilon \varepsilon - \varepsilon_x} \quad (A.7)$$

А.6-кестесі

Консистенция нормативтік көрсеткіштер шектері	Кеуектілік коэффициенті e тең болғанда, төрттік шөгінді сазды топырақтардың байланыстырғыш ілініс күші \sum_w , кПа (кг/см ²)									
	0,55		0,65		0,75		0,85		0,95	
	кПа	кг/см ²	кПа	кг/см ²	кПа	кг/см ²	кПа	кг/см ²	кПа	кг/см ²
$I_L < 0$	46	0,46	34	0,34	25	0,25	19	0,19	16	0,16
$0 \leq I_L < 0,25$	35	0,35	27	0,27	20	0,20	15	0,15	12	0,12
$0,25 \leq I_L < 0,5$	–	–	23	0,23	16	0,16	11	0,11	8	0,08

B нүктесінің абсциссасы $x_{пред}$ мен ординатасы $\tau_{пред}$ (шекті жанама кернеу) келесі формулалар бойынша анықталынады:

$$x_{пред} = \frac{\Delta_{пред}}{m_\varepsilon n_\varepsilon \varepsilon - \varepsilon_x}$$

$$\tau_{пред} = \sigma \cdot tg\varphi_w + c_w \quad (A.8)$$

BC кесіндісі көлденң болып табылады

А.4 Іргетас табаны бойынша жанама жүктемеден іргетастық құрылымдардағы бойлық күштер жанама жүктемелердің сол қимадан бір жақ қабырға бойынша эпюра аудандарының қосындысы ретінде (А.1-сурет) және іргетас табанының енін осы қосындығы көбейту арқылы анықталынады (эпюра жазықтығындағы өлшем).

Іргетастардың табаны бойынша пайда болған жүктеме, топырақтың жылжу бағытына перпендикуляр орналасқан, сол эпюра негізінде анықталынады (А.1-сурет қар.), бірақ іргетастың нақты түріне байланысты құрылған. Бұл жағдайда жүктеме іргетастың ұзындығы бойынша эпюра ауданының оның еніне көбейту арқылы анықталынады.

А.5 Іргетасты құрылымдардағы жүктемелер шамаларын анықтау кезінде топырақтардың реологиялық қасиеттері, іргетастардың бүйірлік беті бойынша үйкеліс күштерімен негізделген, іргетастың табаны бойынша түсетін жүктемелерге сәйкес ескеріледі. Бұл жағдайда қайта есептелуге тек ординаталар τ_{lim} және $\tau_{пред}$ (Сурет А.1 қара) жатады, олар орташа іргетастың бүйірлік бетіне әсер ететін қалыпты қысым биіктігі σ_{cp} мен кері үйінді топырақтарының механикалық қасиеттеріне сәйкес есептелініп анықталынады.

А.6 Зертханалық сынақтарда негіз топырақтарының ұзақ деформациялану сипаттамаларын, топырақ үлгісі биіктігін анықтауға арналған сақина жиынтықтарын жинақтау арқылы, компрессиялық және кесу құралдарында анықтайды. Бұл жағдайда орынауыстырудың тұрақтану критерийлері ретінде жүктеменің соңғы кезеңін 24 сағатта 0,001 мм деп қабылдайды.

А.7 Далалық жағдайларда топырақтардың реологиялық қасиеттерін анықтауды 5000 см² стандартты квадрат штамптарын батыру және жылжыту арқылы жүзеге асырады, бұл жағдайда орынауыстырудың тұрақтану критериясы ретінде, жүктеудің соңғы кезеңінде 12 сағатта 0,01 мм деп қабылдайды

Б қосымшасы
(міндетті)

Су қоймалары мен су ағыстарын толықтыру кезінде тау-кен қазбаларындағы сутартқыштарды болжау. Өндірілетін аймақтарда құрылатын су қоймалары мен арықтардан судың жоғалуын бағалау

Б.1 Су қоймалары мен су ағыстары маңында тазартқыш жұмыстарын жүргізу кезінде тау-кен қазбаларына судың келуін есептеу, сонымен қатар судың жоғалуын есептеу гидрогеологиялық жағдайларды сұлбалау кезеңі орын алады.

Жоспарда тау-кен қазбалардың контуры және бірнеше сипаттық моменттер үшін су өткізгіш жарылулар аймақтарының өлшемдері анықталынады (негізгі жабындыны алғаш жайғандағы, өндірілген кеңістіктің ең үлкен мәндері кезінде аралық жағдайда).

Су өткізгіш жарылулар аймағының жоғарғы шекарасы ретінде қатпарлануға параллель болатын өндірілетін қыртыстан осы шекараның ең үлкен биіктігіне тең арақашықтықта жатқан бет алынады.

Жоғарлау, төмендеу және жайылу жағынан су өткізгіштік жарылулар аймағының шекарасы, айырулар бұрыштары астындағы өндірілген кеңістік шекаралары арқылы өтетін тік қима сызықтарына сәйкес анықталынады.

Су өткізгіш жарылулар аймағының ең үлкен биіктігі нақты мәліметтер болмаған жағдайда, өндірудің қауіпсіз биіктігіне тең етіп алынады, ол "Ғимараттар мен табиғи нысандарды, көмір кен орындарында, жерасты тау-кен жұмыстарының зиянды әсерінен қорғау ережелері" сәйкес анықталынады.

Б.2 Тау-кен өндірісі кезінде немесе су өткізгіш жарылулар аймағының үстінде пайда болатын жеке суағар көкжиектері белгіленеді. Әр ерекшеленген суағар көкжиегінде оның сүзілгіштік өлшемдері орнатылады: сүзілу коэффициенті (K_{ϕ} , м/тәу), көкжиек қуаттылығы (M , м), оның өткізгіштігі (T , м²/тәу), суағар (μ).

Бірнеше суағар көкжиектерін сүзілгіштік көрсеткіштері жақын өлшемдерімен, көрсетілген өлшемдердің орташа мәндерімен сипатталатын, бір суағар көкжиегіне біріктіру рұқсат етіледі.

Б.3 Суағар көкжиектері үшін сүзілу саласында сыртқы аймақтардың контуры орнатылады, оларға көбінесе су жинағыштар мен су қоймалары астындағы суағар көкжиектерінің шығу жерлері болып табылады: бұл контурларды суағар көкжиектеріне сәйкес келетін қамсыздандырылған аймақ ретінде қарастыруға болады.

Б.4 Суағар көкжиектері үшін құрғатқыштар контуры орнатылады, олар әр суағар көкжиектері өндірілетін кеңістік аймағымен немесе су өткізгіш жарылулар аймағымен топырақтың қиылысқан сызығына сәйкес келеді.

Б.5 Құрғатқыштың контуры мен толығу аймағында пьезометрлік ағындар анықталынады; арындар бірлік салыстыру шартты көлденең кеңістігінен бастап саналады (проведенной, мысалы, тау-кен қазбаларының ең төмен белгісі деңгейінен жүргізілген) және уақыт бойынша тұрақты болып қабылданады.

Б.6 Сүзілу режимінің тау-кен қазбасына (әр суағар көкжиегі үшін) орныққан бойынша уақыты (стационарлы) келесі формуламен анықталынады

$$t_{cm} = \frac{L_{min}^2}{a_y} \quad (\text{Б.1})$$

мұнда t_{cm} – сүзілу режимінің тұрақтану уақыты, қарастырылатын қазбаның негізгі жабындысының бірінші орныққан моментінен бастап саналады, тәу;


L_{min} – қазбаның негізгі жабындысының бірінші орныққан моментінен бастап, суағар көкжиегінің толығын қамтамасыз ететін аймаққа дейінгі ең кіші арақашықтық, м;

a_y –пьезоөткізгіштік коэффициенті (деңгей өткізгіштік), м²/тәу., келесі формула бойынша анықталынады:

$$a_y = \frac{T}{\mu} \quad (\text{Б.2})$$

Б.7 Қазбаларға немесе қазбалар тобына ағыс есептелінген жағдайларында, уақыт моментінде $t > t_{cm}$, ағыстарды есептеу орныққан сүзілулерге арналған формулалар бойынша жүзеге асырған жөн, ал егер $t < t_{cm}$ болғанда – орнықсыз сүзілулер формулалары бойынша; ақырғы нұсқа су қоймалары немесе су жинағыштары жақын өткізілген қазбалардағы суағарларды есептеуге арналған болып табылады. Қажет болған жағдайда, сүзілулердің орнықсыз режимі кезінде, қазбаларға түсетін суағарларды есептеу, осы қосымшалардың Б.21–Б.27 тармақтарына сәйкес жүргізуге болады.

Б.8 Су нысандарындағы бірлік қазбаларда (немесе қазбалар тобында, бірлік қазба ретінде қарастырылатын) орныққан ағыс әртүрлі аймақтарда, толықтырудың тік сызықты контурына параллель орналасқан (Сурет Б.1) қазбалар арқылы суағар көкжиектерінен немесе оның үстінде су өткізгіштік жарылулардың пайда болуы есебінде, жақындату формулалары арқылы анықталынады.



Б.1-сурет – Дара қазбаларға келіп түсетін суағарларды есептеуге арналған схема

Б.9 $ГД$ аймағы үшін қазба контуры (Сурет Б.1 қара), суағар көкжиегінің толығы контурына бағытталған, ағың келесі формула бойынша анықталынады:

$$Q_1 = T(H_1 - H_2) \frac{A}{L_n} \quad (\text{Б.3})$$

мұнда Q_1 – $ГД$ аймағындағы арың, м³/тәу;

T – суағар көкжиегінің өткізгіштігі, м²/тәу;

H_1, H_2 – толықтыру және құрғатқыштар контурына сәйкес келетін арындар ($ГД$), м;

A – учаске ұзындығы $ГД$, м;

L_n – толығы аймағынан құрғатқыш контурына дейінгі арақашықтық, м.

T шамасы келесі жағдайлар арқылы анықталынады:

а) арынды суағар көкжиегі үшін, келесі формуламен

$$T = K_\phi M \quad (\text{Б.4})$$

мұнда K_ϕ – сүзілу коэффициенті, м/тәу;

M – суағар көкжиегінің қуаттылығы, м;

б) арынсыз суағар көкжиегі үшін келесі формуламен

$$T = \frac{K_\phi (h_1 - h_n)}{2} \quad (\text{Б.5})$$

мұнда h_1 және h_n – арынсыз ағыс тереңдігі, салыстырмалы суға төзімділікпен саналады, толығыу және құрғатқыш контурына сәйкес келеді.

(Б.5) формуласы арқылы көлбеу су төзімділігі және жайылатын суағар көкжиектері үшін қолдануға болады.

Б.10 Қазбалардың $ГЖ$ және $ДЕ$ көлденең аймақтары үшін (Сурет Б.1 қара) ағын келесі формуламен анықталынады:

$$Q_2 = T(H_1 + H_3) \frac{B \left(1.5 + \frac{L_n}{B}\right)}{\sqrt{(B + L_n)^2 + (0.5B + L_n)^2}} \quad (\text{Б.6})$$

мұнда Q_2 – $ГЖ$ және $ДЕ$ аймақтарына келетін ағың, м³/тәу;

B – қазбаның көлденең ұзындығының аймағы, м;

H_3 – $ГЖ$ немесе $ДЕ$ аймақтарында арынның орташа шамасы.

Б.11 Толығу аймағының қарама-қарсы жағына бағытталған арынын келесі формуламен анықтаймыз:

$$Q_3 = (H_1 - H_4) \frac{A}{1.5B + 1.5L_n + 0.5A} \quad (\text{Б.7})$$

мұнда Q_3 –ЕЖ, аймағына түсетін арың, м³/тәу;

H_4 – құрғатқыш контурының ЕЖ аймағына түсетін орташа арың.

Б.12 Қарастырылатын суағар көкжиегіне сәйкес қазбаға түсетін жалпы арың (Q_c , м³/тәу) барлық аймақтар бойынша суағарларды қосу жолымен анықталынады:

$$Q_c = Q_1 + Q_{2ЕЖ} + Q_3 \quad (\text{Б.8})$$

Егер су өткізгіш жарылулар аймағымен бірнеше еркін суағар көкжиектері ашылатын болса, онда қазбадағы су түсім барлық көкжиектер бойынша түсімдерді қосы арқылы табылады.

Су қоймаларына судың жоғалуы (Б.8) формуласы бойынша анықталынуы мүмкін, егер тау-кен қазбасы құрғатқыштың жалғыз ғана саласы болғанда.

Б.13 Жоспарда қазба контуры немесе су өткізгіш жарылулар аймағы контуры бойына түсетін түсімдерден басқа, тау-кен қазбасына су өткізгіш жарылулар аймағының үстінде орналасқан су жинағыштың ауданы бойынша түсімдер келуі мүмкін.

Бұл түсім (Q_F , м/тәу) келесі формуламен анықталынады:

$$Q_F = \frac{K_\phi H_z F_B}{z} \quad (\text{Б.9})$$

мұнда K_ϕ – су өткізгіш жарылулар аймағының үстінде тік бойынша орналасқан жыныстардың орташа сүзілу коэффициенті, м/тәу;

H_z – су қоймадағы арың, қазба контурында су өткізгіш жарылулар аймағының үстінен саналады, м;

F_B – жоспарда қазбалар ауданы, м²;

z – жынысты кеңіректердің қуаттылығы, су өткізгіш жарылулар мен су қоймалар аймағының үстінен тік бойынша, м.

Б.14 Б.8 тармағында көрсетілген жағдайларда (толықтыру саласының және құрғатқыш контурының қиын конфигурациясы, оларды өзара еркін орналасуы, бірнеше өзара байланысатын қазбалардың болуы), лента тоқтары немесе математикалық сұлбалау бойынша суағыстарды болжау әдістемесін қолдану керек. Ленталар тоғы бойынша түсімді есептеу Б.15– Б.17 тармақтары бойынша жүргізіледі.

Б.15 Толықтырғыш аймағы мен құрғатқыш контурынан тұратын қарастырылатын аймақтың жоспарында, сонымен қатар, мүмкін болғанша, гидроизогипстер (изопьезалар), құрғатқыш контуры сипатты аймағынан белгіленген аймақтардан толықтыру аймақтарына бағытталған тоқ сызықтары жүргізіледі, олар сілтелген аймақтар мен аралық гидроизогипстеріне (изопьезаларға) нормал бойынша орналасады. Әр екі түйіскен

сызықтар лента тоқтарына сәйкес келетін бүйірлік аймақтар болып табылады, олар бойынша сүзілу шығындары анықталынады.

Б.16 Әр лента тоқтары бойынша есептеу (q_n , м³/тәу) келесі формула арқылы жүргізіледі:

$$q_n = T + (H_1 - H_2) \frac{b}{l} \quad (\text{Б.10})$$

мұнда l – құрғатқыш контурынан толықтыру аймағына дейінгі лента бойынша орташа арақашықтық, м;

b – лентаның орташа ені, м

Б.17 Тау-кен қазбасына түсетін жалпы түсім, есептік суағар көкжиегін ескере, барлық лента тоқтары бойынша шығындардың қосындысы арқылы келесі формуламен анықталынады:

$$Q = \sum_1^l q_i i \quad (\text{Б.11})$$

Б.18 Су түбінде жасанды су қоймасын немесе тұтас сазды қалқан арығын құру немесе қимада сазды құрамды жыныстар қабаттарында жоғарғы қабат шөгінділері болған жағдайда (саздар ,саздақтар), сулы нысандардан судың көлемді жоғалуын жоятын және тау-кен қазбаларына судың түсуін шектейтін құбылыстар пайда болады.

Су қоймасын (арығын) салуда (немесе жобалауда) оның түбінде, тау-кен қазбаларымен құрғатылатын суағар көкжиекті толықтыру аймағынан бөлетін, саздақ қабаттың болуы (қалқанның) кезінде, тау-кен қазбаларына судың түсуін (Б.3) – (Б.4) формулалар бойынша есептелінеді, ондағы L_n шамасы келесі формула бойынша анықталынады

$$L_n = L_1 + \frac{m_0 K_{\phi 1}}{K_{\phi 0}} \quad (\text{Б.12})$$

мұндағы L_1 – құрғатқыш контурынан сазды қабаттың табанына (қалқаны) дейінгі арақашықтық, м;

m_0 , $K_{\phi 0}$ – сазды қабаттың қуаттылығы (м) және сүзілу коэффициенті (м/тәу);

$K_{\phi 1}$ – құрғатылатын көкжиектердегі жыныстардың сүзілу коэффициенті (м/тәу).

Лента тоқтары бойынша тау-кен қазбаларындағы су түсімін есептеу кезінде l өлшемін (Б.10) формуласына келесі түрде есептеп, қабылдаймыз:

$$l = l_1 + \frac{m_0 K_{\phi 1}}{K_{\phi 0}} \quad (\text{Б.13})$$

мұнда l_1 – лента тоқтары бойынша құрғатқыш контурынан сазды қабат табанына (қалқаны) дейінгі арақашықтық.

Су қоймаларынан немесе арықтардан судың жоғалуын есептеу (Б.8) формуласы бойынша жүргізіледі, ондағы қосылғыштар (Б.12) және (Б.13) формулаларын ескеру арқылы анықталынады.

Б.19 Су қоймаларының қалқандауының үстінде орналасқан тау-кен қазбаларында судың түсуін есептеуді (9) формула бойынша жүргізген жөн, ондағы z шамасы келесі формуламен анықталынады:

$$z = z_1 + \frac{m_0 K_{\phi 1}}{K_{\phi 0}} \quad (\text{Б.14})$$

мұнда z_1 – жыныстық кентіректің қуаттылығы (м) сүзілу коэффициентімен бірге $K_{\phi 1}$ (су өткізгіш жарылулар аймағының жоғарғы шекарасы мен сазды топырақтардың табаны арасындағы).

Б.20 Тау-кен қазбаларына келіп түсетін арықтар астымен өткен (судың жоғалуын есептеу) су түсімін анықтау, (Б.14) байланысын ескеру арқылы (Б.9) формуласы бойынша жүргізген жөн, онда F_B шамасы ретінде тазартқыш қазбаларының контурындағы арық аймағының ауданын алуға болады.

Б.21 Тау-кен қазбаларына түсетін орнықсыз түсімді есептеу есептік уақыттың $t < t_{cm}$ бірнеше мәндері арқылы жүргізіледі, олар үшін су қоймасының болуы, қазбалардағы су түсімдерінің шамаларына әсер етпейді, ал су түсімдерінің болуы, су қоймасынан судың жоғалу шамасына да әсер етпейді.

Б.22 Дара қазбаға түсетін жалпы орнықсыз түсім ($\text{м}^3/\text{тәу}$) келесі формула арқылы анықталынады:

$$Q_t = \frac{2\pi T (H_1 - H_2)}{l_n \left(\pi \sqrt{\frac{a_y t}{F_B}} \right)} \quad (\text{Б.15})$$

мұнда F_B – $0,5t$ уақыт сәтіндегі қазба ауданы, м^2 .

Б.23 Орнықсыз түсімді қозғалыстағы тазартқыш забойына есептеуді, тазартқыш забойының қозғалу жылдамдығын ескеріп c ($\text{м}/\text{тәу}$), келесі шарттың орындалуымен жүргізеді:

$$\frac{c^2 t}{a_y} > 0.1 \quad (\text{Б.16})$$

мұнда t – бірінші негізгі жабынды орнату сәтінен түсімді есептеуге дейін жүргізілетін сәтке дейін уақыт аралығы, тәу.


Лава кенжарының 1 м ұзындықта меншікті түсімі q_t ($\text{м}^3/\text{тәу}$) келесі формуламен анықталынады:

$$q_t = \frac{T(H_1 - H_2)}{a_y l_0} c \quad (\text{Б.17})$$

мұнда l_0 – график бойынша (Сурет Б.2) t_0 шамасына байланысты анықталынады, ал ол келесі формула бойынша анықталынады:

$$t_0 = \frac{c^2 t}{2a_y} \quad (\text{Б.18})$$

$\frac{c^2 t}{a_y} < 0.1$ болғанда, кенжардың қозғалыс жылдамдығын елемеуге болады.



Б.2-сурет – l_0 мәнін анықтауға арналған график

Б.24 Толықтыру саласының және құрғатқыш контурының қиын конфигурациясы кезінде орнықсыз түсімді есептеуді, есептік тау-кен қазбаларын іске қосу мезетінде құрастырылған, карта гидроизогипс арқылы салынған лента тоқтары бойынша жүргізуге болады.

Б.25 Есептік кезеңнің аяғында анықталған, әр белгіленген лента тоқтары бойынша орнықсыз түсімді есептеу (Б.10) формуласы бойынша жүргізіледі, онда l шамасы келесі формула арқылы анықталынады:

$$l = l_1 = \sqrt{\pi a_y t} \quad (\text{Б.19})$$

мұнда t – түсім анықталынатын, есептік құрғатқыш контурының пайда болу уақытынан бастап саналатын есептік уақыт (тәу).

(Б.10) формуласындағы b шамасы, бұл жағдайда лентаның ұзындығы l_t үшін анықталынады. Арың ретінде H_1 , есептік құрғатқыш контурының пайда болу кезеңінде құрғатқыш контурынан лента арақашықтығы l_t бойынша гидроизогипске сәйкес келетін, (Б.10) формуласындағы арың қабылданады.

Б.26 Лента тоқтары бойынша орнықсыз шығынды есептеуді $t < 0.3 \frac{l_d^2}{a_y}$ шартының орындалуы негізінде жүргізу керек, мұндағы l_d – ленталар бойынша құрғатқыш аймағынан толығы саласына дейінгі шынайы арақашықтық. $t \geq 0.3 \frac{l_d^2}{a_y}$ кезінде, сәйкес лента бойынша түсім орныққан болып саналады.

Б.27 Есептік уақыт моментінде қазбаға түсетін жалпы түсім барлық лента тоқтары және қазбалармен, су өткізгіш жарылулар аймағымен құрғатылатын барлық суағар көкжиектері бойынша шығындарды қосу арқылы анықталынады.

Б.28 Қыртыстардың кен қабаттарын өндіру кезінде, егер осы қыртыстар арасында салыстырмалы су тежегіштер бар болса, төменде жатқан қыртыстар суағыстары жоғарыда жатқан қыртыстардың өзара әсерін ескермей есептелінеді, ал төменде жатқан қыртыстың қазбалары үстіндегі су өткізгіш жарылулар қазбаның бетінде жатқан қыртысына таралмайды.

Б.29 Егер төменгі қыртыста жатқан қазбалардың үстіндегі су өткізгіш жарылулар аймағы жоғары қыртыста жатқан қазбаларға деән жеткенде, барлық қазбаларды, оларда пайда болған су өткізгіштік жарылуларымен қоса, сәйкес конфигурациясы бар бір дара қазба ретінде қарастырылады, ондағы қосынды су түсімі жоғарыда келтірілген әдістемеге сәйкес анықталынады

КІТАПНАМА

[1] Временные правила охраны сооружений и природных объектов от вредного влияния подземных горных разработок месторождений руд цветных металлов с неизученным процессом сдвижения горных пород - Ленинград, 1986.

[2] ПБ 07-269-98 Правила охраны сооружений и природных объектов от вредного влияния подземных горных разработок на угольных месторождениях.

ӘОЖ 626/627(083.74)

МСЖ 93.160

Түйін сөздер: гидротехникалық ғимараттар, өндірілетін аймақтар, жобалау, құрылыс, пайдалануға бер

СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ.....	IV
1 ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ.....	1
2 НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ.....	1
3 ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ.....	2
4 ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ	2
5 ИНЖЕНЕРНО-ГЕОЛОГИЧЕСКИЕ И ГИДРОГЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИЗЫСКАНИЯ	3
6 ПРОГНОЗ ДЕФОРМАЦИЙ ЗЕМНОЙ ПОВЕРХНОСТИ И.....	3
РАСПРОСТРАНЕНИЯ ВОДОПРОВОДЯЩИХ ТРЕЩИН	3
7 ОСОБЕННОСТИ ПРОЕКТИРОВАНИЯ И РАСЧЕТА ГИДРОТЕХНИЧЕСКИХ СООРУЖЕНИЙ.....	5
8 СНИЖЕНИЕ ВЛИЯНИЯ ДЕФОРМАЦИЙ ЗЕМНОЙ ПОВЕРХНОСТИ НА КОНСТРУКЦИИ ГИДРОТЕХНИЧЕСКИХ СООРУЖЕНИЙ.....	6
9 ОПРЕДЕЛЕНИЕ ГРАНИЦ ЗОН ВЛИЯНИЯ ПОДЗЕМНЫХ РАЗРАБОТОК И ПРОДОЛЖИТЕЛЬНОСТИ ПРОЦЕССА СДВИЖЕНИЯ	7
10 РАСЧЕТНЫЕ, ДОПУСТИМЫЕ И ПРЕДЕЛЬНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ ДЕФОРМАЦИЙ ЗЕМНОЙ ПОВЕРХНОСТИ ДЛЯ ГИДРОТЕХНИЧЕСКИХ СООРУЖЕНИЙ НА ПОДРАБАТЫВАЕМЫХ ТЕРРИТОРИЯХ.....	21
Приложение А (обязательное) УЧЕТ РЕОЛОГИЧЕСКИХ СВОЙСТВ ГРУНТОВ ПРИ РАСЧЕТЕ ГИДРОСООРУЖЕНИЙ НА ПОДРАБАТЫВАЕМЫХ ТЕРРИТОРИЯХ	25
Приложение Б (обязательное) Прогноз водопритоков в горные выработки при подработке водоемов и водотоков. Оценка потерь воды из водохранилищ и каналов, создаваемых на подрабатываемых территориях.....	29
БИБЛИОГРАФИЯ.....	37

ВВЕДЕНИЕ

При разработке настоящего свода правил учтены требования действующих строительных норм и правил, государственных и межгосударственных стандартов, ведомственных нормативных требований и опыт работы научно-исследовательских и проектных институтов в области проектирования, строительства и эксплуатации гидротехнических сооружений, возводимых на подрабатываемых и ранее подработанных горными работами территориях.

